Орынбай Жанайдаров

Жусіп Баласағұн

АРҰНА

ББК 84 Қаз 7-4
Ж 26

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Ж 26 Жанайдаров О.

Жүсіп Баласағұн. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна», 2008. – 92 бет. – «Шығыстың ұлылары» топтамасы.

ISBN 9965-26-282-9

Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркемсуретті туындыда ойшыл-ғалым, ақын, қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұнның өмір жолы суреттелген. Шығарма балалардың танымына лайық, жеңіл, көркем тілмен толық әрі әсерлі баяндалған.

ББК 84 Қаз 7-4

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

ISBN 9965-26-282-9

© «Аруна Ltd.» ЖШС , 2008

Мазмұны

1-тарау. Әмірші мен ақын, ұлы қаған мен кеңесші 5

2-тарау. Қарахандар әулетінің тарихы 16

3-тарау. Жүсіптің балалық шағы 21

4-тарау. Афрасиаб мұрағерлері 30

5-тарау. Күміс хауыз жайлы аңыз 42

6-тарау. Кітаптың басы 50

7-тарау. «Бақыт жайлы кітаптың» алғашқы жолдары 57

8-тарау. Қаған Кунтуды мен уәзір Айтолды арасындағы тартыс 63

9-тарау. Жеті ғаламшар мен он екі бұржы белгілері туралы 67

10-тарау. «Бақыт жайлы кітаптың» жарыққа шығуы 77

11-тарау. Жалғыздың әні 81

12-тарау. «Бақыт жайлы кітап» және сұлтанның әйелі - Иварипа 85

Эпилог орнына 90

Қысқа ғұмырының басым бөлігін Жүсіп Баласағұн мен Махмұт Қашқаридің шығармашылық және ғылыми мұраларын зерттеуге жұмсаған ақын әрі ғалым досым Асқар Егеубаевқа арнаймын.

БІРІНШІ ТАРАУ

Әмірші мен ақын, ұлы қаған мен кеңесші

Әлбасы ұлы Бұғра қаған оның кітапханаға кіруіне, қорындағы бүкіл асыл қазынамен танысуына рұқсат етті. Міне, сөйтіп, Жүсіп Хас Хажиб[1] баға жетпес даналықтар сақтаулы орынға алғаш аяқ басты. Қаған кітапханасы бірінен біріне жалғасқан көп бөлмелі екен, әр бөлменің іші – самсаған ағаш сандық... Күміспен күптеліп[2] , қақпақтары қоламен тысталған сандықтар толы кітап, сандықпен қатар бөлек жиылғандары қаншама... Мыңдаған көне қолжазбалардан көз тұнады. Жүсіп мұнда жұрт құлағы естімеген, ешкім білмейтін жалғыз-жарым нұсқалармен де ұшырасты. Қалт жібермей оқып, өзіне беймәлім біраз нәрсеге қанықты. Мұндай кереметтің бар екені талай оқымыстының қаперінде де жоқ. Кітапханада сирек ұшырасатын, ешкім оқып көрмеген, жұрт білмейтін дүниелер сақталған. Жүсіп бірден бас алмай оқуға кірісті. Жазбалардың әрқайсысын ыждағатпен қолға алып, нендей пайдасы барын үйренуге, жазылған жайды ұғуға, жазған адамның меңгерген ілімін түсінуге күш салды, құныға бас қойды. Көп кітаптың арасынан бұған дейін тек ақын ретінде таныс парсы ғұламасы Омар Хайямның араб тілінде жазылған «Арифметиканың қиын есептері» деген еңбегін тапты. Жүсіп сандықтың бірін бітіріп, екіншісіне көшті. Міне, мына кітаптар көне заман медицинасы жайында... Мынау

---

[1] *Хас Хажиб – ханның ең жақын, ең сенімді кеңесшісі деген сөз.*
[2] *Күптеу – сыртын қаптау.*



жатқан қытай мен кәріс қолжазбалары... Тибет жұртының кітаптары, үндістердің манускрипттері[1]... Ал мына бір абажадай сандықтағылар грек және латынша жазылған... Моңғолдың кітаптары тегіс киізбен тысталыпты... Бәрі бар, тек өзінің туған тілі түрікше ештеңе кездестірмеді...

Елу жасар бас уәзірді «Жүсіп, тұра ғой, қарағым, сабағыңнан қаласың!» деген алыста қалған анасының жағымды майда үні шырт ұйқыдан оятты... Содан шұқшиятыны қағаз, жарғақ[2], орама қолжазбалар, мысыр папирусы... Осынша мол қазына Қашқар, Баласағұн, Самарқанд және Ферғананың билеушісі Харун Бұғра қағанның кітапхана қорында сақтаулы.

Жүсіп ақырын көзін ашып: «Апа, анашым менің, қиналғанда сен әлі де қол ұшын бергің келеді», – деді сыбырлай... Жүрегі сыздап ауырған сайын анасы түсіне кіреді. Қайта соқпас балалық шағында күнде таңертеңгілік «Жүсіп, тұра ғой, қарағым, сабағыңнан қаласың...» деген анасының мейірімді, қамқор даусы тербете оятатын.

«Жүсіп, қарғам, тұра ғой... Жүсіп, тұра ғой енді...»

***

Жүсіп 1015 жылы Күзорда (кейінірек Баласағұн аталған) шаһарында дүниеге келді. Балалық шағы Қашқарда өтті. Самарқанд медресесінде тәлім алып, оқуын Бұхарада жалғастырды. Грек, араб тілдерімен қатар көптеген тілдерді меңгерді. Жүсіп Қарахандар мемлекетінде, оның орталығы Баласағұнда жоғары лауазымдарға иеленді. Бірнеше қаганның кеңесшісі болды. Сонау ерте заманда оларға хан емес, қаған атағы берілетін.

Бұғра қаған – мемлекет басшысы, бас кеңесші Жүсіп Хас Хажибтің етене жақын досы. Екеуі бір-біріне лайық тұлғалар. Түрік мемлекетінде олардай көп оқыған, білімді кісі табу тіпті де қиын-тұғын.

Бірде Жүсіп қаганның шетелдік елшіні қабылдау рәсіміне куә болды. Елші арабтардан, мұсылман халифынан келіпті. Халифаттың астанасы – әлемге мәшһүр Бағдад шаһары. Жүсіп – бір жағынан қаганның аудармашысы. Ол салтанатты ұйымдастырды әрі бастан-аяқ қатысты. Елші екеуі куә болған

---

[1]*Манускрипт – көне заман қолжазбасы.*
[2]*Жарғақ – ертеде қағаз орнына пайдаланылған бұзау терісі.*

бір тосын оқиға талайды көрген мұны да таң қалдырды. Болған жай былай еді.

Араб елшісі мен Хас Хажиб қағанның қабылдауына келгенде, әмір қолында құрал-сайман, ер соғып жатыр екен. Өзіне кісілер келіп тұрғанын байқаған ол Жүсіпке:

– Жаныңдағы кім? Аймақ басшыларының бірі ме? – деді.

Жүсіп:

– Жоқ, алдияр! Бұл – арабтар әміршісінің, мұсылмандардың ұлы халифының елшісі. Тым шалғай жатқан жұрттан келіпті, – деп жауап қатты.

Зімпарамен ердің алғы қасын ысып отырған Бұғра хан ісін доғармастан:

– Ол қашан келді? – деп сұрады.

– Бүгін таңертең, – деді Жүсіп.

– Қонақ бөлменің біріне жайғассын, өзің көрсет, – деді қаған, – жол жүріп келді, тыныққсын, ас-су бергіз, кешке қабылдаймын.

Жүсіп елшіні арнайы ордаға ертіп жүрді. Мұнда сарай қызметшілері бар, Жүсіп Хас Хажиб те солардың ішінде болды.

Кейінірек осы жолы нендей жағдайлар болғанын араб тарихшысы ибн әл-Фахик өз жазбаларында былай көрсеткен: «Онда ет көп болғанмен, нан аз...»

Кешкі ресми қабылдауда қаған:

– Ұлы халифтың елшісі, қандай мақсатпен келдің? Нендей хабарың бар? – деп сұрады.

Жүсіп осы екі арада елші сапарының мән-мақсатын қысқаша баяндап та берген. Елшінің қошеметті мадақ сөздерін Жүсіп аударып біткенше, қаған түйілген қабағы ашылмады.

Елші сөзінің соңын былай түйіндеді:

– Мәртебелі патшам, күллі әлем мұсылмандарының және бар араб жұртының халифы сенің адасып жүргеніңді көріп, өзінің адал ниетінен шыққан ақылын айтқысы келеді – сен исламды қабылдаса екен дейді.

– Ислам деген не? – деді қаған.

Елші ислам қағидалары, діни тыйымдар, исламда қандай істер құпталатыны, діни міндеттер мен Жаратқанға құлшылық ету жайын баяндауға кірісті.

Қаған оның сөзін бөліп, былай деді:

– Менің сарайда отыз үш әйелім, солардан туған жиырма балам бар, сен болсаң, небары төртеу-ақ дейсің!.. Сонда басқаларын қайда жіберем? Балаларды ше, олар менің туған балаларым ғой! Егер халифың жасақ беріп, мына қарақытайлар мен селжұқтарға соққы беруге көмектессе, мен ойланбастан дініңді қабылдар едім... Халқым да Мұхаммед пайғамбарға сенім келтірер еді, Жаратқанның нұры жаусын оған. Ал, жалпы, мұсылман дегенің кімдер? Олар қайда тірлік кешеді, қалада ма, далада ма?

Елшінің жауабы дайын еді:

– Мұсылмандар қалада тұрады, олар етікшілер, тігіншілер, моншашылар...

– Қара халық бізде де бар, – деді оған қаған. – Ал теміршілері бар ма?

– Темір ұсталары, үй, зәулім сарай салатын құрылысшылар, жиһаз жасаушылар, бітікшілер де бар, – деп жауап берді елші.

– Ал ақындар ше? – деді әмір қағанаттың маңдай алды шайыры Жүсіпке қарап көзін қыса.

– Ақындар тіпті көп. Алланың нұры жауғыр Мұхаммед пайғамбар да ұлы ақын болған, – деді елші қуана көтеріліп.

– Мен қасиетті Кітапты оқығам, – деді қаған ойламаған жерден, – нағыз даналық кітабы. Іші тұнған ақыл мен ізгілік. Егер де халиф өз әскерін көмекке жіберсе, тура үш жүз жыл бұрын Цинь империясына қарсы соғысқан аталарымыз сияқты тізе қосып аттансақ, ғажап болар еді... Жалпы, сенің бізді кәдімгідей шатастыратын түрің бар. Сендер Жаратқан Иелеріңді Аллаһ дейсіңдер, парсылар отқа табынады, Құдайларына сенеді, ал біз Тәңірге бас ұрамыз. Осының қай-қайсысының да мәні бір, мекені Ұлы Көк Аспан емес пе?! – қаған осы тұста көкке бір қарап қойды. – Бұлардың қайсысы да Ұлы Аспан, біз оны бөліп-жармаймыз, бәріне де сенеміз!.. Халифқа жеткіз, біз исламды толықтай қабылдауға әлі де дайын емеспіз. Сендердің діндеріңнен өзімізге қазір қажеттісін ғана аламыз.

Жүсіптің мемлекеттің айнымас тұрақтылығы, сенімділігі осы елші секілді жеке тұлғаларға, солардың өзін-өзі ұстауына және басқамен қатынасына да байланысты болатынына көзі жеткендей... Елші жан-жақты білімді және көп тіл білуге, өз елінің мақсат-мүддесін есінен шығармауға тиіс. Жауапты міндет жүктеп жіберген елдің мәртебесін жат жұрттың алдында көтеру жолын табатындай болғаны жөн. Елші өзінің амал-

әрекетімен, тұлға-тұрпатымен, сөзімен, ісімен туған халқын асқақтатуға тиіс. Арабтар әмірі – халифының елшісі тап сондай кісі еді.

Кенет Жүсіптің тіліне жыр жолдары орала кетті:

– Талай ізгі істі солар тындырар,
Ақылымен жауыздықты сындырар.

Елші өзінің көңіл-күйін, жеке басына қатысты уайым-қайғысын, ой-тұжырымын сыртқа шығармай, ептілік танытып жылы жүзбен, ілтипатпен күлімсіреу арқылы бүркей білуі қажет.

– Тіл, жүрегің шырын болса қайда да,
Сөз бен істі тектен-текке лайлама!
Тілі шырын кісі болар жағымды,
Сөзі сырлы сындырмайды сағыңды...
Көңіл бұрып, айтқан сөзді ұмытпа,
Не істесең де, көкірегіңе құлыпта.
Елшілікте сөздің құны бағалы,
Бір ауыз сөз елдің тілін табады.

Жүсіп ақын аяқ асты төгіле жөнелген елшілерге мадақ жырын қайталап, өзіне-өзі аң-таң.

Бір күні қаған оны таң бозарысымен шақыртты. Екеуі алдияр әмірдің таңдаулы арғымақтары тұратын қораға барды. Қаған мен Жүсіп өздеріне ұнаған сәйгүлікті ерттеп мінді. Бала күнінен ат құлағында ойнап өскен Жүсіп биік бейжің еріне ырғып мінгенде, қаған мырс етті: «Біздің кеңесшілерге дейін шабандоз!..»

Іргелес елдердің елшілерін де ертіп шыққан. Түріктер қағанының ерте жүрісінен олар ештеңе түсінер емес. Елшілердің мінгендері – әрқайсысына он-оннан ат жегілген сәнді пәуескелер[1]...

Қағанға ере шыққан әрбір он нөкерде бір-бірден желбіреген байрақ. Алуан түсті байрақтарда неше түрлі суреттер бейнеленген: тісі ақсиған арыстанның, қасқырдың басы, жүйткіген бұлан, жотасы күдірейген, төбедей бұқа, шудасы желбіреген ақшулан бура... Аң бейнесі жоқ байрақтарға

[1]*Пәуеске – төбесін, сыртын былғарымен жапқан, ою-өрнек сап сәндеп жасаған күймелі жеңіл арба.*

қызыл жібекпен ру таңбалары – әріп не ерекше белгілер кестеленген. Айнала тоғай қоршаған биік шоқыға жеткенде көкжиектен алаулап күн де көтерілді. Қаған он нөкердің біріне өз байрағын көтеруді бұйырды. Арайлы таңмен қаған туы да желбіреді... Осы кезде, қайдан екені белгісіз, он мың атты әскер шыға келіп, бір кісідей «Чах! Чах!» деп қағандарына сәлем беріп, шоқының етегіне сап түзеді. Араларынан қолбасы бөлініп шығып, қағанның алдына келіп тоқтады.

Шоқы басындағы ту ұстаушылар туларын көтере берді, әр ту көтерілген сайын етекке он мыңнан атты әскер келіп сап түзді. Он байрақ тегіс көтеріліп болғанда, шоқы етегінде мұздай қаруланған жүз мың сарбаз тұрды. Түрік қағанының мына әскери шеруі жұртқа кереметтей әсер етті. Шеруден соң елшілердің мысы басылғандай. Сосын қаған тілмашқа:

– Жат жұрт елшілеріне былай де, әркім өз әміршісіне мыңаны жеткізсін – менің сарбаздарымның арасында моншашы, етікші, тігінші де жоқ, олар осының қай-қайсын да түгел меңгерген. Бәрін өздері істейді. Біздің басты қаруымыз – жақ пен жебе, оны шебер қолдануды бала күнімізден үйренеміз. Басқа елдерде біз жайлы не дейтінін жақсы білем. «Араб бір жебені адырнаға салғанша, түрік атпен құйғыта шауып келе жатып он оқ атып үлгіреді, оларға оң-солың, алды-артың бәрібір. Аттарына мініп алып, таулы жер ме, сайлы жер ме, желдей есіп жүйтки береді, ал араб өйтіп тек жазық, тегіс жерде ғана шабады. Түріктің төрт көзі бар – екеуі маңдайында, екеуі желкесінде». Білгендерін айтсын, қайта бізден қорықсын.

Елшілер өз әуестіктерін жасыра алмай, бас кеңесші арқылы қағанға сауал жолдады:

– Мәртебелі тақсыр, білгіміз келетіні – ерді өзің жасауының себебі не?.. Сарай немесе басқа қызметшілеріннің арасында ер соғып беретін ешкімнің болмауы қалай?

Қаған еріксіз күліп жіберіп:

– Түріктер мұндай істі бала күнінен көріп, біліп, істеп, бәрін өз қолдарымен жасап өседі. Біріншіден, ол ерге отыратын менің өзім ғой. Сен қазір менің кеңесшімсің, ал бұған дейін кім болып ең? Әкең кім еді, қарапайым малшы емес пе? Сен осындай ер жасауға қалайсың және оның бейжіңдікінен[1] кем түспеуі керек. Ал мен тек ер ғана емес, қылыш, семсер де соға аламын!

---

[1] *Бейжіңдіктер – қытайлар.*

Бұғра қаған ордаға қайтар жолда арабтар мен түріктердің қылышты қалай жасау ерекшеліктерін сөз етті.

– Арабтарда қылыш дайын болғанша сегіз-тоғыз шебердің қолынан өтеді. Сондай-ақ, ер-тұрман, жебе, қылшан[1], найза және басқа да қару-жарақтар солай жасалады... Біз, түріктер, ұста-шебердің көмегіне жүгінбей, бәрін өзіміз жасаймыз. Шебер кешіктіреді-ау деп қорықпаймыз. Қолы ұсынақсыз болса да шеберге ақы төлеу керек деп бас қатырмаймыз. Ал егер соғыс шыға қалса, отбасымызды, бала-шағаны, әйелдер мен қарттарды өзімізден басқа кім қорғамақ? Тек қана біздің өзіміз!

Шаһар сыртында қаған атты әскерінің шеруін көрген елшілер көпке дейін соның әсерінен арыла алмады. Елдегі тыныштық пен бейбіт өмір кепілі осындай қалың қолдың арқасында нық болмақ.

Елшілер, сонымен, елді-еліне тарқасты. Енді бүкіл әлем олардың аузынан түрік қағанының қарапайым, қара жұмыстан тартынбайтынын, ер-тұрманын, қару-жарағын өзі жасайтынын, бұған қоса, терең білімді, қасиетті Құранды білетінін және мыңғырған әскері барын естімек.

Бір әңгімесінде қаганның Жүсіпке былай дегені бар: «Біз, түріктер, отырықшы өмірге, әрекетсіз күйге, бір жерде қимылсыз ұзақ тұруға үйренбеген халықпыз, тоқтаусыз қозғалыс, өзгеріс қажет. Тірлігіміздің мәні дамылсыз әрекетте, бізге тоқырау жат.

Мына қаламыз, Баласағұн, өркендесін, гүлденсін! Жұрт қолөнермен, саудамен, дәрігерлікпен, жер өңдеумен айналыссын, бау-бақша салып, арық тартып, су жүргізіп, егін сеуіп, өнім алсын. Қажет болса, қай-қайсымыз да қолына найза алып жорыққа шығуға әзірміз. Тонаушылық жорыққа емес, елін, жерін қорғау қамы. Осыны ұмытпау үшін бейбіт күндері аңшылықпен айналысамыз, атқа қонып, қару ұстап сайысқа түсеміз... Айнала қоршаған бөтен ел, пиғылы жат халық. Тіпті сонау шалғайдағы араб елінен де жетіп отыр ондайлар. Оларға керегі өз пайдасы, сенің еліңді, жеріңді олжаға салғысы келеді. Келімсектердің ішкі ойы, көксеген мақсаты сол. Ордамыздың жан-жақтан келген елшілерден бір босамауының себебі де осы. Шындығында, олардың бәрі барлаушы жансыздар, соны есіңнен шығарма...»

Жүсіп әлі қырыққа толмаған қаганның кемеңгерлігіне таңы да таңдай қақты. Ол өз ісін жақсы біледі, елшілерге әскерінің күш-қуатын көрсету арқылы жат жұрт әмірлеріне жеріме көз аларту ойларыңа да келмесін деп ескертіп отыр.

---

[1]*Қылшан – жылқының қылынан істелген оқ қабы, қорамсақ.*

ЕКІНШІ ТАРАУ

Қарахандар әулетінің тарихы

Бұғра қаған Қарахандар мемлекетін билеуші әулеттен шыққан тұңғыш қаған емес. Негізінде, Бұғра хан немесе қаған дегеніміз – атақ. Оны Орта Азияда билік жүргізген түріктің Қарахан әулетінің бірталай әмірі иеленген. Кейде олар илек-хан не ел-хан, ел-қаған аталған. Түрік елінің басшысы иемденген «қаған» атағын Бұғра ханнан бес жүз жыл бұрын өмір сүрген түріктің алғашқы көсемдері Бумын мен Естемі де алған.

Әулет Сатұқ Бұғра хан Әбд әл-Керимнен басталады. Ол өз кезінде ислам дінін қабылдап, мемлекетіне таратқан. Сатұқ Қара қаған аталған. Бұл біздің жыл санауымыз бойынша 960 жылдың, ал хижра жыл санауы бойынша 349 жылдың тұсы. Тұңғыш қарахандық әмір Сатұқ Бұғра хан 956 жылы Артыш деген жерде жерленеді. Кесенесі зиярат етушілерден арылмайды.

Сатұқ Бұғра ханның әкесі қарахандардың ұлы қағаны Арслан Қара хақан, яғни, Арслан хан еді. Баласағұнның жанынан астана болған Күзорданың іргесін қалаған да сол. Арслан – «арыстан», ал Бұғра болса, еркек түйе, кәдімгі «бура» деген сөз. Арыстан – шігіл тайпасының, ал бура – яғма тайпасының тотемі. Олар осы жануарларды киелі санаған. Бұғра қаған яғма тайпасынан шыққан.

Арслан хан дүниеден өткен жағдайда оның орнын Бұғра хан басып, атағын иеленетін болып жүз жыл бұрын қалыптасқан-ды.

Сатұқтан кейін екінші құдіретті әмір Харун ибн Мұса Бұғра хан болды. Ол алдыңғы ұлы қағанның ұлы емес, немересі. Харун ибн Мұса Мәуереннахрды алғаш жаулап алушы ретінде атағы шықты, кейін ұрпақтары оның бұл ісін талай қайталады.

990 жылы Бұғра қаған астанасы Баласағұннан жорыққа аттанып, шекара аймағындағы саманидтер иелігіне жататын, ертереректе Исфиджаб аталған Сайрам шаһарына тақау келіп тоқтады. Ешбір жерде алдынан елеулі қарсылық көрсетіп шыққандар болмады. Исфиджабтың байлары мен ақсүйектері саманидтерге өштесіп жүрген, сосын олардан құтылғысы келіп, түріктерді өздері шақыртқан еді. Бұғра қаған жорығын одан әрі жалғастырып, 992 жылдың 7 мамырынан 5 маусымы аралығында саманидтер астанасы Бұхараны басып алды. Алайда артынша ауыр науқастанып, басып алған жерлерін тастап, әскерімен кері қайтады. Қашқарға қайтып бара жатып жолда, буырқанған Шу өзенінің бас жағындағы Қошқарбасы деген жерде дүние салады. Шу өзенінің кейде Қошқар деген атауы кездеседі.

Бұғра қағандар әулетінен шыққан келесі әмір Мұхаммед ибн Юсуф – бұл да алдыңғы билеушінің немересі. Әкесі Юсуф Қадыр хан Қашқарды билеп тұрғанда, «Яған тегін» атағын иеленген. 1032 жылы әкесі қайтыс болғанда, ағасы Сүлеймен Арслан хан таққа отырып, Бұғра хан атағы берілгенде, оған Тараз бен Исфиджаб қалаларының тізгінін ұстатады. Ол ғазнауилердің көмегімен қарсыласы Әли тегінді қуып шығарамын деп ойлаған. Бірақ оның бұл жоспары іске аспайды. Оның Махмұт сұлтанның қызы, Масуд сұлтанның қарындасы Зейнепке үйлену тойы да болмай қалады. Екі арадағы осы некелік қатынас кейінге қалдырылысымен, Бұғра қаған селжұқтармен байланыс орнатып, ғазнауилердің және өзінің туған ағасы Арслан ханның жауына айналады.

Масуд ағайынды екі жігітті татуластыру үшін 1037 жылы Ғазнадан шығып бір жарым жыл түріктер жерінде болған имам Әбу Садық Тебаниді жібереді. Имам Бұғра қағанды сабасына түсіріп, ағасымен татуласуға көндіреді. Бұл жылдарда Бұғра қаған атымен Мәуереннахрдың өзінде ақша соғылған.

Хижра жыл санауының 436 жылы немесе б.з. 1045 жылы Бұғра қаған Мәуереннахрдағы шииттер қозғалысын ептілікпен баса білді.

Бұғра қаған небәрі 1058 жылға дейін өмір сүрді. Ол өлер алдында өз ағасы Арслан ханға қарсы жорық ашып, жерін тартып алады. Жұрттың сөзіне қарағанда, оны өзінің әйелі

у беріп өлтірген. Сондай-ақ, Бұғра қағанның әйелі қапаста жатқан күйеуінің ағасын да буындырып өлтірткен...

Бұдан кейін Қашқар билігін қолына алған бауыры келесі Бұғра қаған бірден өзіне ақын Жүсіпті тартқан. Жүсіптің ұлы шығармасы «Құтадғу білік» (Құтты білік) соған тарту етілген. Әмірдің толық аты-жөні Әбу Әли әл-Хасан (Харун) ибн Сүлеймен – Мұхаммед ибн Юсуфтың немере бауыры. Ол 1059 – 1075 жылдары (хижра жыл санауы бойынша 451 – 467 жылдар) Тоғрұл Қара қаған атағын иеленген өзінің ағасы – Махмуд ибн Юсуф екеуі елге бірге билік жүргізген. Артынша, 1075 жылы бар-жоғы екі ай ішінде немере ағасы Омар ибн Махмудпен билік бөліседі.

Харун Бұғра қаған 16 жыл бойы ағасы Тоғрұл Қара қағанмен бірге Қашқар мен Баласағұнның билігін ұстады. Ағасы дүниеден өткен соң ол елдің бірден-бір әміріне айналған. Билікте тағы 29 жыл болып, Қашқар, Қотан және Баласағұнды билеген. 1103 жылы дүние салған.

Харун Бұғра қаған ұзақ жылдар бойында селжұқ сұлтандарымен астыртын, дипломатиялық күрес жүргізіп, ашық қақтығыстарға да барған. Бұл қарахандар 1089 жылы (хижра бойынша 482 жыл) қаруын тастап, тізе бүккенше жалғасқан. Сол жылы Қарахандар қағанаты өмір сүруін тоқтатып, елі, жері селжұқ сұлтаны Мәлік шахтың қол астына қарайды.

Ғасырлар қойнауында қалып, талай жайды бүркеп жатқан тарихты түсіну қиын.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Жүсіптің балалық шағы

Жүсіптің балалық шағы Қашқарда өтті. Сонда сауатын ашып, медреседе оқыды.

...Тау суының бойындағы жалпақ таста жылап бір кішкентай қыз отыр. Жаңа ғана қыз қыпшақша бір ән-жұмбақты айтып, тастан тасқа секіріп көңілді жүрген.

Міне, ұшты ебелек,
Ұшқын шашар себелеп,
Тисе, кетер күйелеп,
Көлденең ұшар, көкке ұшар,
Отқа түсіп көлбеңдеп,
Жанып кетті біздің... көбелек...

Кенет қыздың үні сап тыйылып, қос қолымен бетін басып, жылап жіберді.

Он екі жастағы медресе шәкірті Жүсіп дәрістен кейінгі бос уақытында бой жазып, сергу үшін қыдырып жүрген. Кенет құлағына жылаған дауыс естілді. Бұған не боп қалды деген оймен қыз жаққа қараған Жүсіптің тұла-бойы мұздап кетті... Қызға қап-қара дәу бүйі жақындап келеді... Әлгінде ғана ойнақтап жүрген қыздың зәресін ұшырған сол екен. Оған қарауға да дәті шыдамаған қыз бетін басып, қалшиып қалыпты. Қыз бір тастың үстінде, бүйі одан үш қадамдай жерде. Жүсіп аяғымен езіп жібермек болып, жардан қара бүйінің үстіне қарай секірді, бірақ дөп түспей тайып кетті де, гүрс етіп өзі құлады... Мына апыр-топырдан шошынған улы бүйі жалт беріп, тастардың арасындағы қуысқа кіріп кетті...

Ойламаған жерден құтқарушы жетіп, басына төнген қауіп сейілген соң қыз бір көзін ашып, Жүсіпке қарады.

– Кімсің сен? – деді оған бала орнынан тұрып, үстінің шаңын қағып жатып. – Атың кім?

Өз-өзіне келгендей болған қыз бетін толық ашып, көзінің жасын сүртті. Сосын тілге келді:

– Есімім – Шарипа. Әкем Шара деп атайды, ал апам Шару, кейде Шарушжан дейді.

– Ал мына су бойында жалғыз неғып жүрсің, қорықпайсың ба?

– Ағам бар, ол ана қалыңның арасында мойыл теріп жүр... Ал мен ойнап жүргем, ән салып... Мына жердің тасы аласы, жолағы бар, неше түрлі екен.

Қыз Жүсіпке бірнеше түрлі түсті жұмыр тас ұсынды, шынында көздің жауын алғандай әдемі.

– Ал! – деді қыз. – Саған естелік болсын. Сен мені құтқардың... Ал менің зәрем ұшқаны сондай...

Жүсіп күтпеген сыйды алды да, дереу қамзолының қалтасына сұңгітіп жіберді.

Бұл өзен қайырының алуан түрлі жеті түйір тасы, Жүсіп оларды көзінің қарашығындай өмір бақи сақтайды.

– Әй, Шарипа, сен кіммен сөйлесіп жүрсің? – Ағасының даусы қатал әрі зілді естілді.

Қалың шіліктің арасынан мығым денелі, жүзі күнге күйіп қызарған, жібек шапанды, әдемі тақиялы бала шығып, екеуіне қарай жүрді. Сырғы берген тақиясын ауық-ауық қолымен көтеріп қояды. Мойыл жеп аузының айналасы жағал-жағал болыпты.

– Сенің ныспың (есімің) кім, батыр бала? – деді Шарипа.

– Менің атым – Жүсіп! – деді медресе шәкірті құдды бір әдеп сабағында тұрғандай.

– Ал мынау менің ағам – Ершік!

Шарипа екеуін таныстырды. Екі баланың жас шамасы құралпы көрінді. Олар қол алып, алақан қысысты, бұл – түріктердің танысу мен сәлемдесудегі ежелгі әдеті.

Ершік пен Шара Бұғра қаған ның туысы Бұхара әмірінің балалары екен. Осы күннен бастап олар жұптары ажырамастай Жүсіптің жақын достарына айналды. Демалыс күндері

Жүсіп таңғы намазын оқи сала солардың үйіне қарай асығады, уақытты бірге өткізген сондай қызық.

– Жүсіп, қарғам, тұр, сабаққа кешігесің... – тағы да анасының алыста қалған даусы тәтті түсін бөліп, ұйқысынан оятты...

Жүсіп Хас Хажиб уақыттың қай кез болғанын ажырата алмай төсегінде біраз отырды. Сыртта жазғы нөсер құйып тұр, бөлмедегі алагеуім жарық сібірлеп[1] атқан таң белгісіндей.

Жүсіптің есіне көрген түсі оралып, көңілі жабырқады. Шара он төртке толғанда, тағдыр одан біржола айырылуға жазған-ды. Әкесі қызын қалаға төнген кезекті бір шапқыншылықты тоқтату үшін ғазнауилер әулетінен шыққан селжұқ сұлтанының ұлына ұзатқан. Жүсіп ол кезде он сегізде еді. Содан қайтып нағыз махаббатқа жолықпады... Оның буырқанған долы жүрегі, ынтық көңілі тек Шараны іздеді. «Жүсіп батыр, сен – ұлы ақынсың! Қайда жүрсең де, қандай қиын жағдайда болсаң да, осыны есіңнен шығарма!» Мойылдай мөлдір қара көзін аударып, күлімсірей қарап осылай дейтін. Басқа ешкімнің бұлай айтуы қолынан келмес еді.

Ал Ершік нағыз арқа сүйер досы болып қалды. Жат, тіпті жау елдің ханшасы болған Шара Жүсіптің қазір қандай ой құшағында, көңілі неге қам екенін қайдан білсін. Неге осы адам баласы қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында, ең құрығанда бір күнге бақытты бола алмайды екен, ә?! Жалпы, осы бақыт дегеннің өзі не? Оны қалай анықтауға болады?

Жүсіптің ешкімге білдірмей, жүрегінің түкпірінде бақыт жайлы дастан жазып жүргеніне, міне, он жыл. Тірі жан аша алмас жеті қат сандықтың ішіне жасырғандай асыл ойлары жинақталған бұл дастанды ол арманда кеткен асыл махаббатына арнаған. Оның ұлы сезімі осы жеті сандықтың ең ішкі, асыл тастан қашалған титімдей қобдишада сақтаулы... Ол дастанын «Құтадғу білік» атаған. Қазір дастанның жалпы жобасы дайындалып, жүздеген қолжазба бетке жетті. Нағыз үлкен кітапқа айналған бұл еңбегін «Ырыс жайлы білік» немесе «Құтты білік» деп түсіндіруге болады. Еңбектің атауы да, төккен тері де – адам бақыты және оған жетудің жолдары.

Жүсіп оқыған кітаптарының басым көпшілігі шет тілдерінде жазылған еді. Ол қытай, араб, парсы тілдерін жақсы білді,

---

[1]*Сібірлеу – таңның бозарып атуы, жарық түсу.*

тіпті үндістердің шешуі қиын фолианттарын да оқитын. Дегенмен, Жүсіп өз дастанын туған тілі – түрік тілінде жазды.

Сол заманның ірі сауда және мәдени орталықтарының бірі – Тұрфанда түрік шеберлері бес ғасыр бұрын қағаз жасауды қолға алған. Қазір Жүсіптің, басқа да сарай уәзірлерінің пайдаланатыны сол қағаз. Қағаз өте қымбат, оны пайдалануға рұқсатты тікелей қағанның өзі береді. Қағаз өндірісі кітап ісінің өркендеуіне себін тигізді. Кітаптар көлемі жағынан әркелкі. Ал, жазу ондаған жылдарға созылды, уәзірлердің айтқанын хатшылар қағазға түсіретін...

Екі жүз жылдай бұрын, бұл аймақ тибеттіктердің қол астына қараған кезде, Тұрфанда, Қашқар, Баласағұнда кітаптың көбі үндістердің көне тілі санскритше[1] жазылатын... Араб тілі Қара хан әулетінен шыққан тұңғыш қағанның иелігі болған Бұхара, Самарқанд секілді Қарахандар қағанатының батыс жағындағы қалаларда қолданылды...

Сырты терімен, ағашпен не матамен тысталған қағаз кітаптар Қашқарда VIII ғасырдың екінші жартысынан шыға бастады. Жүсіп қаған кітапханасында Тұрфан шаһарында санскрит тілінде ксилографиялық[2] тәсілмен басылған алғашқы будданың хинаян заңын ұстады...

Батыстан арабтардың келуі VIII ғасыр болатын. Будда діні мен Тәңіршілдікке бас ұрған мыңдаған монахтар[3] жалпақ Азиядан Тұрфанға, Қашқарға қарай ағылды. Жаулаушы арабтардың тықсыруынан осылайша бас сауғалады. Үндістан мен Қытайға барды. Қалдырған мәліметке қарағанда, бұларды монастырьлер[4] қабылдаған. VIII ғасырдың ортасына қарай монахтар орталығы Қашқар саналған Шығыс Түркістанға қаптайды. Сөйтіп, мұнда X ғасырға дейін тұрақтаған. Осы кезде Орталық Азия Бұғра қағанның аталары бастаған түрік-қарахандар билігіне көшті. Тіпті аймақ мұсылмандар қол астына қарағаннан кейін де көптеген монастырь жабылған жоқ. Оған себеп – жаңа билік үшін қомақты кіріс көзі болды. Олардың артында мол кітап қоры қалған. Жүсіптің қазір аударыстырып жүргені де солар.

---

[1]Санскрит – көне Үндістанның әдеби тілі.
[2]Ксилографиялық – ағашты ою, бедерлеп жазу.
[3]Монах – шіркеу ережелерінің негізінде сопылық, тақуалық парыздарын айнытпай орындауға міндеттелген діндар адам.
[4]Монастырь – меншігінде шіркеу мүқтажына пайдаланылатын жер мен қаржысы бар діни орталық.

Тибет үстемдігі шарықтаған дәуірде Шығыс Түркістанның қоғамдық өмірінде, басқа да саласында будда жалпы халық ұстанған дін-тұғын. Жүсіп атауы тым ұзын, әрі түсініксіз «Вималапрабхапарипраччхе» деген IX ғасырға жататын тибет мәтінін оқыды. Онда, негізінен, дұғалар, қарғыстар, дхарани[1] неше түрлі сиқыр амалдары, тұмар түрлері, басқа да ғажайыптар баяндалады. Жүсіптің ерекше назарын аударғаны «Ли еліндегі пайғамбарлық», «Буддхаватамсаки», «Ратнакуты» және «Махасаннипаты» деген үш бөліктен тұратын сутра[2] қолжазбалары. Бұлар Жер бетіндегі ең ескі жазба тіл – санскриттен аударылған. Қытай мен тибеттік монахтар санскрит мәтіндерін жергілікті тілге аудару барысында жүйелеуге тырысқан. Одан бері де үш ғасыр өтті. Бірақ, олардың қолынан түрікше мардымды ештеңе шықпады. Шамасы, уақыты келмеген секілді... Үндіс брахмандары[3] жазған сондай көне кітаптардың бірінен Жүсіп жердің, тұтас ғаламның, ғаламшарлар мен жұлдыздардың пайда болуы жайлы оқығаны бар.

Онда әлем бос кеңістіктегі тербелістен пайда болады делінеді... Жаратушы күштің, қандай да бір құдіреттің бар екенін жоққа шығарушы мына ойдың қарапайымдылығы, өткірлігі сондай, оны түсінбеу, сенбеу мүмкін емес... Демек, Жүсіп пен өзге де Баласағұн тұрғындарына ислам сеніміндегі Аллаh, түріктің Тәңірі, парсының Құдайы етене жақын немесе христиандық, буддалық және гректер, латындар, еврейлер табынатын құдіретті күштің жоқ болғаны ғой. Құдайлар – жұрт қиялынан туған құдіретті ұлы болмыс, яғни адам ойының жемісі. Егер осы кереғар пікірді қағазға түсірер болсаң, не біреуге айтып, жария етсең, діннен безінгенің. Жүсіптің осыған көзі жетті... Онда басыңа зобалаң туып, жақын-жуығыңа кесірің тиеді. Осы діннің белді қызметкерлері, мешіттегі молдалар, имамдар мен ишандар Құдайға шын сене ме екен? Жүсіп дін жолынан тайған айыпкер болмау үшін Құдай, құдіретті күштер, ғаламның пайда болуы жайлы ойларын санасының бір түкпіріне бүркеп,

---

[1]Дхарани – үнді философиясы мен дініндегі негізгі түсініктердің бірі.
[2]Сутра (сөзбе-сөз – жіп) – әдеби-діни үзік (қысқаша берілген) пікір, ой.
[3]Брахмандар – үнді философиясы мен индуизм діні түсініктерін ұстанушы абыз.

сақтау керектігін түсінді. Өзін бүлік ойға итермелеген үндіс кітаптарын қолына қайта ұстамады. Көңілінді лайлап, жақындарыңның санасын былғап, сарайда, елде жанжал тудырмау үшін, бүйректен сирақ шығармаған жөн.

Жүсіп басқа тілде жазылған кітаптарды көргенде өзегі өртенердей... Мұның ата-бабалары жүздеген ғасырлық тарихында неге жазу мәдениетіне қол жеткізбеген. Жарғаққа, өгіз терісіне асығыс салынған сызықтар секілді, құс тырнағына, табанына ұқсас жазу түріне де кездесті. Мұғалімдердің бірінен мұны қыпшақтар жазғанын, жазудың бұл түрін бес жүз жыл бұрын түріктер Цинь империясымен тәуелсіздік үшін күрескен дәуірлерде пайдаланғанын естіді. Батырлардың басына үлкен мазар салып, жанына жалпақ баған тас қойылған. Осындай тастардың кейбіріне әлгіндей түсініксіз әріптермен жазған көрінеді.

Бұл түріктердің тұңғыш жазу үлгісі еді. Бітік тастарда қағандар мен батырлардың ерлік істері баяндалған. Түрік жазуының тас жәдігерлерін тарихшылар мен тіл мамандары кілтін тауып, оқып, аударып, әлем мәдениетіндегі орнын белгілегенше арада тағы да мың жылдай уақыт өтеді.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Аффасиаб мұрагерлері

Бірде бас кеңесші Жүсіп қаған қабылдауына кіріп, хабар жеткізді:

– Сіздің әміріңізбен құсбегі Қор Тұрғы жабғы келіп тұр.

Құсбегі – аңға салатын бағалы құстар – сұңқарлар мен бүркіттердің жай-күйіне жауапты сарай қызметкері. Алғыр құстарды ұстау, баптау, қаған саятына әзірлеу – бірнеше жылдарды қажет ететін өте қиын, күрделі әрі жауапты шаруа. Алайда бұл құсбегінің мойнында бұдан басқа тағы бір міндет бар. Ол – жау жағын бақылау және көрші елдердің жансыздарын назардан шығармау. Бақылауға тиістілердің ішіндегі ең қауіптісі – Махмұт сұлтанның ұрпақтары, ғазнауилер әулетінен шыққан сұлтандар. Олардың астанасы Ғазна шаһары, қала атақты Махмұт сұлтан заманында берекесі тасып, байыған.

– Алдияр тақсыр, жаңа ғана Семізкенттен маңызды хабар алдым! – деп бастады сөзін қағанға шын берілген адам – Қор Тұрғы жабғы.

Қаған оған бұрылып тұрып қарады, өйткені, мына жаңалық оның ықыласын аударған еді.

Қор Тұрғыға Ғазнауилер мемлекетімен шектесетін Семізкентте не болып жатқанын бақылау жылдан аса уақыт бұрын тапсырылған. Семізкент деп ертеде Самарқанд қаласы аталған. Қала – мәдени және экономикалық ірі орталық. Семізкенттің халқы көп, келімді-кетімді жұрт та сейілмейтін. Сондай-ақ, ол бүкіл аймақтың қоғамдық өмірі мен сауда-саттығына тікелей я жанама түрде ықпалын тигізді.

– Махмұт сұлтан ұрпақтарының алға қойған мақсаттарынан бас тартар түрлері жоқ. Бәрі тып-тыныш, сыртқа ешбір сыр берер емес, ішкі ойларын көрсетер әрекетке бармай отыр. Бірақ, астыртын бірдеңе дайындап жатқандары анық. Бір шикілік байқалады.

– Бізге олардың ойларынан айнымайтындары мәлім. Егер олай етсе, ата-бабаларынан қалған өсиетті орындамаған болар еді. Есі дұрыс адам сондай іске бара қоя ма?

– Қала халқы қырық топқа, қырық ұдай халық болып жік-жікке бөлінген. Араларында ғазнауилерге бүйрегі бұратындар да пайда болыпты, соларды қолдауға тырысады... Базарда гу-гу әңгімелер, неше түрлі болжам, жорамалдар. Махмұт сұлтан Семізкентті қайтарамын деп ант етіпті. Ол бұл ойынан оңайлықпен бас тарта қоймас.

– Жақсы... Ал сенің басты жаңалығың не?

– Семізкент әмірі соңғы он-он бес күннің ішінде бірінің артынан бірі екі үлкен керуен шығарыпты. Екі үлкен сауда керуені. Керуеннің екеуінде де керуенбасы – соғдылықтар. Тауарларының арасында қымбат жібек, тіпті алтын да бар.

Қағанның екі көзі хабаршысының өңменінен өтіп барады. Семізкенттің әмірі де, қаланың белгілі бектері де таяуда ғана мына жерде аяғына бас ұрып, адал болуға ант берген.

– Алдияр! Сырттай қарағанда бұл – әдеттегі сауда керуендері. Мені ойландыратыны – ол керуендер қайтарында немен оралады, қандай тауармен? Екі керуенде де біздің адамдар бар, жай-жапсарды солардан күтеміз.

Қағанның даусы тым ызбарлы шықты:

– Солай-ақ болсын... – деді де, сөзін қысқа қайырды. – Жақсылап ойланып, тезірек бір шешімге келу керек. Семізкент пен Өзкентке көшпелі түріктерден көптеп жібер. Сонда барып орнықсын, саудамен айналыссын, жұмыс істесін, бас-көз болсын. Қытайдан келетін керуендер Семізкент пен Өзкентке соқпай өтпесін. Жібек керуендерінің күзетін күшейт. Бүгіннен бастап бірде-бір керуен рұқсатсыз елден сыртқа шықпасын.

– Өзкент өз қаламыз ғой, тақсыр.

– Ол да шет қалмасын. Қала – ұлы Афрасиабтың мұрасы! Осыны соғдылар мен парсылар естерінен шығармасын. Бұл қалада еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін – түрік!.. Өзкент Бұхара мен Самарқандқа қарағанда, сенімділеу. Бекінісі де мықты. Ел басына күн туған заманда талай мәрте пана болған. Қазір тағы да біздің назарымызда болуға тиіс. Өйткені, өз қаламыз, төңірегі тегіс біздің жер, осыны жұрт түгел білсін.

Қарулы қақтығыс әзірге бола қойған жоқ, алайда ғазнауилермен түбі бір соғыс өрті ушығары анық. Адамның болмысы сондай – көршілердің өзі күнделікті өмірде болмашы нәрселерге ұрысып қалады. Ал мұнда туыс екі халық жалпақ Мәуереннахрға үстемдік жүргізу үшін бір-біріне қарсы келіп отыр.

Қаған мен бас барлаушысының арасындағы әңгімеге еріксіз куә болған Жүсіптің есіне бүгінгі қағанның әкесі Қадыр ханның ғазнауилік сұлтандардың атасы Махмұт сұлтанмен қандай достық қарым-қатынаста болғаны түсті. Одан бері де қанша жыл өтті.

Сол жылы Махмұт сұлтан өзенге бір-біріне шынжырмен байланған кемелер салып, Әмудариядан бері өткен. Мәуереннахр билеушілерінен оған ең бірінші болып ежелден одақтасы Сағаниан әмірі, сосын хорезмшах Алтынташ қосылды. Махмұт қалың қолына арнап мыңдаған қос құрды. Ал өзіне он мың адам сыятын алып орда тіктірді... Ертегідегідей үлкен ордаға таңданбаған жұрт қалмады...

Осы кезде Мәуереннахрға Қашқар жақтан Бұғра қағанның әкесі Қадыр хан жетті. Ол Самарқандқа келіп, өзінің ордасын Махмұт сұлтан қосындарына тақау маңға орнатты. Орналасып алған соң, Қадыр хан елшілер жіберіп, Махмұт сұлтанға өзінің келгенін және онымен кездескісі келетінін білдірді.

Бәрі Жүсіптің бүгінгідей көз алдында. Мұны сәл кейінірек парсы қаламгері әрі тарихшысы Гардизи өзінің «Зейн әл-ахбар» («Ақпар әшекейі») атты еңбегінде жан-жақты сөз етеді. Өкініштісі, Жүсіп оның өзімен жеке кездесе алмады, бірақ екеуі – бір уақытта өмір сүрген замандастар.

Екі әміршінің Самарқандтың күнгей бетінде болған кездесуін Гардизи көркем тілмен былай баяндайды.

«Қадыр хан елшілігіне жауап ретінде, – деп жазады ол, – Махмұт кездесетін жерді белгіледі. Құдірет күші бірдей екі билеуші белгіленген жерге бірнеше нөкерімен келді. Бірін-бірі көрісімен екеуі де аттарынан түсті. Махмұт сұлтан бірінші болып қазынашысына орамалға бүктеулі асыл тасты берді. Сөйтіп, оны Қадыр ханға тапсыруын бұйырды. Қадыр хан да өзімен бірге асыл тас әкелген, бірақ абыр-сабырда есінен шығып кетеді. Махмұтпен қоштасып, былай шыққан

соң есіне түсіп, жанындағы кісісінен беріп жібереді. Кешірім өтініп, өз ордасына қайтады. Келесі күні әмір Махмұт Ғазнауи парша жібектен тігілген үлкен шатыр құрғызып, қонақасы әзірлеуді бұйырады. Содан соң елші аттандырып Қадыр ханды қонаққа шақырады. Қадыр хан келгенде, Махмұт дастарқанға неше түрлі ас мәзірін қойып, күтеді. Әмір Махмұт пен хан қатар отырады. Ас ішіліп болғаннан кейін олар «сауық-жайға» келеді. Бұл жер сирек кездесетін гүлдермен, түрлі жеміс-жидектермен, қымбат тастармен, алтынмен зерленген маталармен, хрустальмен, ғажап айналармен және әр алуан сирек бұйымдармен безендірілген. Ат үсті жаугерші өмірге үйренген далалықтардың көсемі Қадыр хан мынандай аста-төк салтанатқа дағдыланбағандықтан, қысылғандай, тосырқағандай күй кешті. Аралында мардымды әңгіме де өрбімеді. Қадыр хан шарап ішпеді, өйткені, Мәуереннахр патшаларында ондай әдет жоқ, әсіресе, түріктерде. Біраз уақыт олар музыка тыңдады. Сонан соң Қадыр хан қайтпақ болып орнынан тұрды. Бірақ, әмір Махмұт қонақтың мәртебесіне лайық тарту-таралғы әкелуді бұйырды. Атап айтқанда: алтын және күміс құмыралар, асыл тастар, Бағдадтың сирек бұйымдары, қымбат маталар, бағалы қару-жарақ, алтындатқан жүгенімен сәйгүліктер, сақадай сай ер-тұрманымен қашыр, түйеге мінуге арналған әбзелдер, қымбат кілемдер, үнді қылышы, бербер жолбарысының терісі, аңшы иттер, тырна, бөкен, тағы басқа сұңқар, бүркіт сияқты аңға салатын құстар. Қадыр ханға, осылай сый, құрмет көрсетіп және «сый-сияпатының аздығы» үшін кешірім өтініп, шығарып салды.

Қосынына оралған соң, өзіне тарту етілген бағалы бұйымдарды, қымбат қару-жарақ, дүние-мүлікті ашып көріп Қадыр хан абыржығандай болды. Ол мынаның қарымын қалай қайтарарын білмеді. Содан қазынашысына әмір Махмұтқа арнап сый орнына сый дайындауды бұйырды. Атап айтқанда: ер-тұрманы алтынмен апталған арғымақ аттар, қылшаны бар алтын белбеулі нөкерлер, сұңқар, қаршыға және бұлғын, тиін, ақ тышқан, қара түлкі мен сусар терілері, қытай жібегі және басқа да бұйымдар. Екі әмір де бір-біріне риза көңілмен, нағыз достарша емен-жарқын қоштасты».

Түріктің екі көсемінің қарым-қатынасы кезінде осындай еді.

Сол кездесу нәтижесінде Әли тегіннен Мәуереннахрды тартып алып, оны Қадыр ханның екінші ұлы Йиған тегін билігіне беру шешілді. Йиған тегін Махмұттың қызы Зейнепке үйленетін болды.

Қадыр хан өзінің бір қызын Махмұттың екінші ұлы әмір Мұхаммедке қосуға келісім берді. Махмұт сұлтан үлкен ұлы Масудқа көңілі толмай, тақ мұрагері етіп екінші ұлын қалдыруды ойлап жүрген-ді.

Әли тегін Самарқанд пен Бұхараны тастап, өзінің далалық одақтасы, Зеравшанның оң жағалауында, Нұрата маңында көшіп-қонып жүрген оғыз-селжұқтарға қарай қашқан. Ол кезде онда Селжұқтың немерелері Исраил, Тоғрұл және Дәуіт бар еді. Әли тегіннің көшін Махмұттың уәзірі Білге тегін қуып жетеді. Сөйтіп, Бұхара әмірінің әйелі мен қыздарын қолға түсіреді. Ал Әли тегіннің өзі құтылып кетеді. Махмұт сұлтан Ғазнауи Селжұқ ұрпақтарына қарсы жорық ашып, талқандауға бұйрық береді.

Ұрыс кезінде қолға түспей жүрген Әли тегіннің ұлы Исраил тұтқындалады. Оны аманат әрі тұтқын ретінде үндінің бір қамалына жөнелтеді. Кешікпей Исраил сонда көз жұмады.

Алайда Әли тегіннен түбегейлі құтылудың әлі де сәті түспеді. Жалпы, бұл Махмұт сұлтан Ғазнауидің жоспарында болмаған тәрізді. Ол тек Әли тегінді әлсіретуді көздеген. Сондай-ақ, оның орнына Қадыр ханның ұлы билік жүргізгенін қаламады. Сайып келгенде, Сыр бойында екінші бір қақтығыстың болатындығы анықталды. Түптеп келгенде, Әли тегін Бұхара мен Самарқанд тізгінін өз қолында ұстап қалды.

1034 жылы Әли тегін көз жұмды. Артында екі ұлы қалды. Екеуі де жас, тәжірибесіз еді. Әли тегін тағына балаларының бірі Юсуф отырғанмен, іс жүзінде билік әкесінің бауырына қарады. Ал ол болса селжұқ-оғыздарға қарсы тұратын.

1035 жылы Мәуереннахрдың жаңа билеушілері ғазнауилердің шектес аймақтарына жорық ұйымдастырған. Олардың қосындары Сағанианды талқандап, Самарқандқа оралды. Ұлы хан Юсуф Қадыр хан 1032 жылы дүние салды. Оның тағын Арслан хан атағымен үлкен ұлы Әбу-Шуджа Сүлеймен

иемденді. Қарахандардың жаңа көсемі бейбіт саясат ұстануға тырысты. Қарахандар қағанатының жері түріктердің мемлекеттік басқару заңына сай шығыс және батыс бөлікке бөлінді. Батыс қағанаты Шығысқа бағынды. Шығыс қағанатты Арслан хан, ал Батысты Бұғра хан биледі.

1042 жылы сарай маңында туындаған қитұрқы әрекеттердің салдарынан Қарахан қағанаты дербес екі мемлекетке жіктелді. Екі елдің астанасы да, ұстанған жолы да бөлек-тін.

Шығыс қарахандар мемлекетінің билігіндегі жерлер: Иеді Су, Шу, Таласхун, Ферғана және Ертіске дейінгі Шингар даласы, шығысы Теклемек көліне дейін.

Осы Шығыс қағанат кейінірек түріктің ел билеу заңына сай тағы да шығыс және батыс болып, екі бөлікке ажырады. Шығыс бөлігін Қадыр ханның үлкен ұлы Сүлеймен ибн Юсуф биледі, оның лақап аты – Арслан хан. Астанасы – Баласағұн шаһары. Батыс бөлік билігі хан атағын иеленген Мұхаммед ибн Юсуфтың қолына тиді. Оның астанасы бастапқыда Талас шаһары болып, кейінірек Қашқарға ауысты. Екеуі де Махмұт Ғазнауимен дос болған Қадыр ханның баласы.

Осы кезде Юсуф Қадыр ханның бауыры әл-Малик Тоңға хан өзін Үзкент билеушісі деп жариялады. Әйтседе, Сүлеймен ибн Юсуф бұған қарсы ештеңе жасай алмады. Бар болғаны жағдайға көнуге мәжбүр еді.

Батыс Қарахан қағанаты да, өз кезегінде, Шығыс бөлігі секілді, батыс және шығыс болып бөлінді. Шығыс бөлікті Арслан хан атағымен Ибрагим ибн Наср биледі. Астанасы Самарқанд қаласы болды. Ал батыс бөлігінің билігі Бұғра хан атағын алған Мұхаммед ибн Насрдың қолына тиді. Ол Бұхара қаласын астана етті. Бұл екі әмірші де Мәуереннахрды жаулаушы ибн Әлидің ұлдары.

Қор Тұрғы жабғы кеткен соң, қаған Жүсіппен ұзақ сұхбаттасты. Жүсіп Қашқардан шыққан оқымысты әрі ақын Құсайынның ұлы Махмұт жайлы сөз етті. Қазір ол ғазнауилер иелігіндегі Бағдадта. Махмұт өлеңдерін түрікше жазатын. Оның әндері – базарларда жұрт аузынан жиі естіліп жүрген әуенді әндер...

Махмұтты іздеп тауып, оның өміріне төнген қауіп-қатерден сақтандыру керек...

Қаған өз халқынан шыққан оқымысты, ақындарға қорған бола білді.

Қаған ның Жүсіпке ауызша айтқан бұйрығы, алдыңғы бұйрығы сияқты, Афрасиаб мұрасынан басталды, бірақ бұл жолы соңы басқашалау аяқталды.

Қаған ның бір сәтте он түрлі нәрсені ой елегінен өткізіп, бірақ бәрін бір ауыз сөзбен ғана түйіндейтіні дүйім жұртқа жақсы мәлім... «Құсайынның ұлы Махмұт қазір Бағдадта тұрады. Оның Барсханға, Арғуға, Күзордаға ат басын тіремегеніне талай уақыт өтті. Ол қаншама жерді шарлап, түрік сөздерін жинақтады. Осы саяхатында Алтайға (Алтын тау), Алтынхан мен Өтікенге дейін жеткен... Қыстың көзі қырауда қыстау, жазда жайлау жағалап көп жүрді. Енді, міне, Бағдадта жүр. Арнайы кісі жібер, кешеуілдетпей елге қайтсын».

Қаған осы тұста сәл кідіріп, ойланып қалды... Түріктер әмірінің білімді адам екенін, егер де күрделі бір мәселе шыға қалса, шешім қабылдамас бұрын, Махмұт пен Жүсіп екеуімен кеңесетінін екінің бірі біледі. Олар қайда жүрмесін, астанаға арнайы шақыртып алатын. Ой-пікірге еркін ондай кісілермен қаған ашық сөйлесетін.

– Түріктің біртұтас жері, – деді қаған, – бізге қарсы, оң жағымыз да, сол жағымыз да түріктер мекені, түрік жері. Бізге қалдырған Афрасиабтың мұрасы. Бәріміз де Афрасиабтың мұрагерлеріміз!.. Түгелдей! Ұлы Ер Тоңғаның аяғы тиген жер тегіс халқымен, жан-жануарымен соның ұрпақтарының билігінде. Соғдылар, парсылар, қыпшақтар, оғыздар, басқа халықтар да...

Жүсіптің бар ықыласы қағанда. Шамасы, қаған қандайда бір маңызды шешімге келген тәрізді. Ондай кезде тез, шешіле сөйлеп, ашық, бұйыра айтатын әдеті. Онысы – ойы, ниеті тыңдаушыға түсінікті болсын дегені. Бұл сарай қызметкерлеріне ежелден таныс. Оның сөздері бүкіл түрік жерін, тұтас түрік халқын бір ту астына біріктіру қажеттілігінен туындаған ойының тек бастамасы ғана. Қаған сөзін әрі қарай сабақтады:

– Мұның бәрі – Афрасиаб ұрпақтарының меншігі! Аты әлемге мәшһүр ғұн көсемі Аттила көзі тірісінде мақтанышпен: «Мен Афрасиабтың ұлымын!» деген. Бүкіл мұсылман

баласы, олар кім болса да, Афрасиаб әулетіне бағынады. Осыны Самарқанд пен Бұхара халқына ұғындыру қажет. Дереу Семізкентке аттан. Барлық түрік ақсақалдарының басын қос. Мешітке кіріп дұға қыл. Туысқан қырық ру түгел Афрасиаб мұрагерлерінің төңірегіне жиылсын. Тамыры бір, бір тектен шыққан ру-тайпалардың бір-бірімен қырқысуы жөн бе? Осыны бәрі ұғынатын болсын.

– Әміршім!

– Сөйле...

– Бірақ алыстан, тым шалғайдан жеткен жұрттар да мұсылман ғой. Махмұт сұлтан ұрпақтарының қолында да исламның көк байрағы бар.

– Әлбетте, солай... Түріктер де мұсылман. Өзің айтшы, бір мұсылман екіншісіне қылыш сермеуші ме еді?

Бас кеңесші қағанның ішкі ойын енді түсінгендей. Ол қос қолын қусырып, әміршісіне басын иді. Бұл оның қаған бұйрығын орындауға және соны бітіру үшін шығуға дайын екенінің белгісі еді.

– Есіңнен шығарма, – деді қаған қоштасарда сұқ саусағын шошайта, – үйіңде, көшеде, тіпті жат жерде бол, қайда жүрсең де, бәрібір, туған жеріңді ұмытпа. Бәріміз де Тәңірінің жаратқан құлымыз. Тек өз еліңнің батырлары мен алыптарын мадақта, өз халқыңның қаһармандарын дәріпте! Сонда сен де өз халқың үшін қаһарманға айналасың, ал халқың саған бас иеді! Және де халық рухани тұтастыққа қол жеткізеді.

Мына сұхбат Жүсіпке үлкен жайдың бетін ашты. Ол қаған бойында, ойында екі түрлі сенім қалай тоғысып жатқанын ұғынды... Оның бірі – мыңдаған жылдар бойына түріктер иланған – Көк Тәңірі. Ал екіншісі – жаугер арабтармен бірге келген Аллаһқа және оның елшісі Мұхаммед пайғамбарға деген иман мен сенім. Екі дін қабаттасып жатыр. Тіпті, көк сандық, көк сандықтың ішінде ақ сандық дегендей, бірінің ішіне екіншісі кіріп кеткен.

Алайда, пәлсапа (философия) секілді, дін мәселесінің де шегіне жету әсте мүмкін емес. Өйткені, Жаратушы сондай ұлы, адам санасына сыймайтын терең құбылыс!

БЕСІНШІ ТАРАУ

Күміс хауыз[1] жайлы аңыз

Ерте бір заманда өмір сүрген билеуші – Шу есімді қаганның күмістен соққан хауызы болыпты. Алып күш иесі Шу қаганның жері шексіз, халқы сансыз еді. Таза күмістен жасатқан оның хауызын көрген жұрт таң қалып, таңдай қағысыпты. Қаган алыс жорықтарға аттанғанда, хауызын қалдырмай алып жүріпті. Жорық кезінде шаршағанын басу үшін хауызды суға толтыртып, рақаттана шомылыпты. Ол суға шомылып тұла-бойы балбыраған шақта алдағы жоспарларын ойластырған. Әрдайым күші тасып шығады екен де, майдан алаңында жауын жайпап бір-ақ қайтатын көрінеді. Ал туған жері Талас өңіріне оралған соң, хауызды қайтадан орнына қойдыртыпты. Жалт-жұлт еткен ғажап хауыздың сиқырлы айдыны сұңқылдаған ерке аққуларды еріксіз баураған... Жалғыз аққу емес, жердің түкпір-түкпірінен неше түрлі құстар жасанды айдынға жиналыпты. Күміс қанат ерке сылқымдар хауыздың шипалы суына бауырын төсеп, маңайды құс базарына айналдырған. Жыл құстары күз түскенде, шырқау көкке көтеріліп, Шу қаганның сарайының үстінде айналып жүріпті. Жасанды көлдің сиқырына арбалып, кете алмай, ақыры, сол арада қыстапты. Жұрттың айтуынша, Шу батырдың сиқырлы күші мен оның ордасы және кісі қолымен жасалған көл тұрған жер киелі, қасиетті. Рим императоры Цезарь, үндістердің көсемі, Персия шахы, тағы басқа толып жатқан елдердің басшылары Шу қаганның күміс айдынын көріп, тамашалау үшін құстармен таласып, сонда баратын болған. Таң қалысып, бас шайқамаған жан қалмапты. Бұл есте жоқ сонау ерте заманда, Ескендір Зұлқарнайыннан да бұрын өткен деседі. Шу нағыз ұлы қаган болған... Қазір сол жасанды көл, күміс хауыз қайда кетті? Ол кезде Баласағұн да, Күзорда да

[1] *Хауыз – су толтырып шомылуға арналған жасанды айдын, бассейн.*

болмаған. О дәуірде бүгін байлығымен көз тартатын Исфиджаб болмап еді, Шаштың да қабырғалары тұрғызылмаған кез. Иә, ол дәуірде Шу шаһары өмір сүрмеді, Шу қаған сол жерден әмірін жүргізген. Қазір Баласағұнның төңірегінде Барсхан, Тараз, Семізкент, Бұхара, сәл қиыстау Хорезм шаһарлары бар. Ал Шу қаған қайда кеткен? Қанат бітіп ұшқан ба? Бұл – тарих құпиясы.

Бұғра қаған сарайында металл қабырғалары қаншама жылдар ішінде әбден қарайған алып хауыз тұр... Әлде Шу қаған жасатқан көл сол ма? Оны жасауға қанша күміс, қымбат металл жұмсалды?

Жүсіп өзінің алғаш Бұғра қағанмен қалай кездескенін есіне алды. Қаған мұның қабілет, дарынына сырттай қанығып, іздеткен. Онда Жүсіп анасымен бірге тұратын. Бұғра қаған мұны Қашқардан өз сарайына шақыртты. Екеуі жағалауда, айдыны күн көзімен шағылысқан көл жиегіндегі мәрмәр баспалдақта кездескен. Хауыз алдындағы кілем үстіне қойылған тақта отырған қаған:

– Қайда тұрасың сен? Бағдадта ма, әлде Қашқарда ма? – деп сұраған. Өзі судан шомылып жаңа шығыпты, үстінде түрлі түсті жібек халат.

– Менің бүкіл өмірім Шу өзенінің бойында өтті. Бағдадқа анда-санда қала кітапханасына кіріп, кітап оқу үшін ғана соғамын...

Жүсіп түріктерге үйреншікті Баласағұн, Барсхан не Күзорданың бірін атамады. Ол «Шу» деді. Қаған оқымысты, ақын кісінің жүзіне байыппен қарады. «Шудың бойында...» Қаған Шу қаған жайлы аңызды, соған арналған ұлы дастанды есіне түсірді. Дастан да солай – «Шу қаған» немесе «Шу батыр» аталады. Қаған мұның бәрін есіне алғанымен, тіс жарып ештеңе демеді.

– Бағдад тоғыз жолдың торабында, – деді ол ойлана. – Білім іздегендер, өнерін дамытқысы келгендер, байлық іздегендер сонда жетуге асығады. Иә, онда кітапхана көп. Сен жайлы жұрттан естідім. «Дүние ілімінің інжу-маржаны...» дегенді жазған сен бе?

– Иә, мәртебелі тақсыр, менің жырым.

– Сонда мына дүние ілімінің інжу-маржаны не? Білімнің игілігі неде?

– Ілімнің інжу-маржаны – оқу, мәртебелі тақсыр. Ал білімнің игілігі – адам қандай ізгілікке әзір соған байланысты.

– Оқу, білім тәрбиеге қатысты емес пе?

– Жас бала да, жасы келген жасамыс та оқуға тиіс. Данаға да, қарапайым адамға да, тіпті ханға да оқу қажет. Мына дүниені түсінгісі келген жанға білімнің берері көп. Кейде жас баланың өзіне түсінікті жайға ересек адамның ақылы жетпеуі мүмкін. Болмаса оның мұны түсінгісі келмейді. Бала ақылы тасқан дана болуы ғажап емес. Өйткені, өмірдің өзі даналыққа толы. Әр нәрсенің шексіз ұғымы бар.

Ұлы қаған одан көзін аудармай, қыбырсыз отырып тыңдады. Бұрын-соңды мынадай даналықты, мынадай өткір ойлы адамды естімеген әрі кездестірмеген.

– Сонда менің шексіз ұғымым не болғаны?

– Сіз түрік халқы үшін я үлкен ізгілік, я үлкен індет боласыз.

Ұлы қаған бұл сөзге шын тосылып қалды. Өзіне жақын адамдардан ешкім бұлай ойын ашып айтуға бата алмайтын.

– Мына дүние ілімінің інжу-маржаны...

– Мен жырларымды кітап етіп түптетіп, Бағдадтағы бір кітапханаға қалдырдым, ұлы қаған. Ол қаладағы дәстүр сондай. Білім адамнан адамға беріліп, көшіп тұруға тиіс. Хатшылар бірнеше көшірмесін жасады. Сіз менің жырымды, шамасы, соның бірінен көрген боларсыз. Өзіммен бірге мынадай дүние әкелдім, мәртебелі тақсыр, назар аударып көріңізші.

Жүсіп сарайға өзімен бірге ала келген орама қағазды ашып, қаганның алдына жайды. Қолындағы үлкен жарғақтың беті тола неше түрлі жазумен шимайланып, тік, көлденең әр түрлі сызықтармен кескінделген. Жарғақ жұмсақ, жеңіл болғанымен, мықты әрі шымыр. Ақын жарғақты ұсынды.

Қаған орындығының алдындағы шағын үстел үстіндегі жарғаққа көз жүгірте қарап, таңданысын жасырмады:

– Бұл не?

– Бұл – карта! Біздің жеріміздің картасы, барсхан тайпасынан шыққан Құсайын деген кісінің баласы Махмұт жасаған. Ол – өте ақылды адам. Мына жерде, бұрышта есімі жазулы. Бағдадта мұндай картаның талайын көрдім. Оларға басқа елдердің сызбасы түсірілген.



Қаған анықтап қарай бастады. Саржағал жарғақ бетіне қалалардың, өзен-көлдердің, таулардың атаулары көрсетіліпті. Міне, ұлы дария Іле... Жазудың бәрі түрікше. Ертіс. Іле мен Ертіс! Ал мынау Тереңкөл... Мына шеңбер көл болса керек, жиегіне «Ба-ла-са-ғұн» деп жазылған. Қаған жанында Жүсіптің барын, оның шілденің ыстығынан аңқасы кеуіп тұрғанын тіпті ұмытып кеткендей... Кенет орнынан атып тұрып, қайта отырды. Тағы бір шеңбер, оның шетіндегі жазу: «Ыстықкөл». Қасында Барсхан. Мынау Шу өзені... Тараз, Исфиджаб, Шаш, Иафынш, Екіөгіз шаһарлары. Бұл қалалардан әрірек – Абысгун, Тебирстан, Хорасан, Самарқанд, Хорезм...

Мына картаны кім салса да, осы маңайдың адамы екені анық. Қаған көңілденіп сала берді.

– Сен мына Махмұтпен, Құсайынның ұлымен кездестің бе?

– Жоқ. Ол қазір Бағдадта. Ұзақ жылдар Қашқарда тұрған. Шайыр[1]. Тілі өткір. Сіздің ағаңыздың әскерінің қатарында

[1] *Шайыр – ақын.*

Махмет сұлтан селжұқтарына қарсы жорыққа қатысқан. Саяхатшы. Қолбасшылар әулетінен шыққан. Онымен кездесудің сәті түспеді, тек бір кітапханада картасының көшірмесін жасап алдым…

Қаған Жүсіпке тағы бажайлай қарап:

– Карта менде қалсын… – деді.

Жүсіп келісімін білдіріп, басын иді.

– Сен өзіңді неге іздеткенімді түсіндің бе?

– Түсіне қоймадым, мәртебелі тақсыр!

– Сен мемлекетті қалай басқару жөнінде кітап жазуға тиіссің…

Енді таңырқау кезегі Жүсіпке келгендей. Ол абдырап қалғанын көрсеткісі келмей, тағы да төмен қарады. Әмірге елді, халықты қалай билеуді үйрететін кітаптың не қажеті бар? Онсыз да мүлтіксіз басқарып келе жатқан жоқ па?

– Тосылып қалдың ғой, – деді қаған күлімсіреп. – Байқаймын, сен – маған ең бір керек адамсың. Сарайда қызмет жасайсың, әуелі кітап көшірмеші боласың, сосын… көрерміз. Жазғандарыңды көрсетіп тұрасың… Менің және ағаларымның соңында қалар мұрагер көп. Араларында өзінің кім екенін, ержеткесін, не істеу керегін білмейтіндер де бар. Оларға құдайдың құтты күні – мереке, тіпті оқығылары да келмейді. Сен ұлы қағанның балаларын және тақ мұрагерлерін қалай тәрбиелеуге қатысты кітап жазасың… Бізден кейінгі келер ұрпақ үшін.

Қаған сөз осымен бітті дегендей, орнынан тұрды. Жүсіп басын иді де, шығар ауызға қарай беттеді.

Оның Бұғра қағанмен он жыл бұрынғы алғаш кездесуі осылай өткен. Одан бері қанша жаз шығып, қанша күз түсті, ал кітап жартысынан енді ғана ауды… Оны бітіруге әлі қаншама уақыт бар…

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Кітаптың басы

Сол күннен бастап Жүсіп Баласағұнда. Шаһарды кейде түріктер Күзорда (күзгі астана) деп те атайды. Көп жылдар бұрын шөбі шүйгін, суы мол бұл жер түрік көсемдерінің күздік қонысы болған. Жазғытұрым алқапқа егін себетін де, күзде жиын-терін бастайтын, жаз шыққанша қыстайғы азығын солай айыратын. Мұнда күн жылы, кейде тым ыстық. Кейін арада уақыт өте келе шағын елді мекен, қалаға айналды. Халық оны содан Күзорда атап кетті. Кей тайпалар осы маңайды көктем, күзде де жайлап отырады.

Жүсіп кітабын «Құтадғу білік» – «Бақыт жайлы кітап» атамас бұрын, ұзақ ойланды.

Құт – түріктің көне сөзі, түбі ежелгі аңызға барып тіреледі. Ескі түрік аңызы бойынша, Жердің қақ ортасында әлемдік тау немесе Хан Тәңірі бар. Бұл Күзордадан теріскейге қарай мың шақырымдық жер... Онда, түріктердің нанымы бойынша, құдайлар мен ата-баба аруағы тұрады. Тау шыңында Сүткөл бар. Таудың ортасы Жер мен Көктің кіндігі саналады. Сол жерде бұтақтары алтын, жапырақтары жалпақ алып Бәйтерек өседі. Бәйтеректің ұшар басы Жоғарғы әлемде. Онда Тәңірінің мекені – Алтын Сарай орналасқан.

Хан Тәңірі тауында жер мен судың иесі – Жер-Су тіршілік етеді, ол – рухтардың иесі. Сүткөлдің шығыс жағында суы қызыл көл бар, алайда көлді жай көзбен көру мүмкін емес. Осы көлді теңіз жануарларының иесі – Кер Балық мекендейді. *Оның ішінде «құт» (мал төлінің) және «юла» (адамның) аталатын ұрықтардың рухы болады. Қажет кезінде Кер Балық олардың рухын Жер-Суға береді, ал Жер-Су оны адам мен рухтар арасындағы дәнекерші Жайыққа табыстайды. Жайықтың мекені көк, алайда ол көбіне жерге түсіп, адамдар арасында өмір сүреді. Тәңірі оны адамзатты бәле-жаладан қорғасын деп жіберген. Жайық ұрықтардың рухын От-Анаға*

береді, содан соң адамдар мен жан-жануарлар дүниеге келеді. Сондықтан, түрік әйелдері От-Анаға жалбарынады, балаларын қорғап, отбасын қырсық, кесапаттан сақтауын тілейді.

Жүсіп бұл аңыз-әңгімеден хабардар. Бала күнінде ұйықтарда анасы айтатын осы әңгімелерді қазір ерекше жылы сезіммен есіне алады.

Анасының биязы, әлдиге бөлейтін мейірімді даусын ешқашан ұмыта алмас. Тек өкініштісі, аңыз түгел есінде қалмапты. Біраз аңыз-әңгімені ол кітаптардан оқыды, дегенмен, Жүсіп өзі білетіндерінің біразын кітаптан таба алмады. Ал есінде қалғандарын өз кітаптарында сөз етуді жоспарлады. Оларды Бұғра қаған тапсырған бақыт жайлы үлкен кітапқа да енгізбекші.

Бірде анасының ғалам, адам мен дүние және адам жаны жайлы айтқан әңгімесі есіне түсті.

«Адамның тәні және жаны бар, – деген анасының жұмсақ үні құлағына келгендей. – Адам жанының өмірге қажетті төрт түрлі қасиеті болады. Бұлар – құт, юла, тын және сұр. Құт – бұл ұрық, адам тірлігі мен оның өмірлік қуаты содан басталады. Жоғарыда, аспанда тоғыз қат көк бар, соның тоғызыншы қабатында Тәңірі және оның ұлдарының сарайында қасиетті қайың өседі. Адам өмірінің қуаты – «құт» осы қайыңның шыбықтай бұтақтарында ілулі тұрады. Әлдекімнің дүниеге келер уақыты болғанда, Тәңірінің ырқымен ұрық-құт жапырақ құсап қасиетті қайыңнан үзіліп, шаңырақтан ішке түседі. Тәңірі сол кезде адамның алдағы тағдырын да белгілейді.

Құтпен бірге Жер бетіне балаға ананың құрсағынан бастап қорған болатын Құдай-Ана – Ұмайдың өзі де түседі. Ол бала жарық дүниеге шығарда жәрдем етеді. Баланың дүниеге келуіне кедергі жасап, бірге әкетуге тырысатын жынмен үреседі. Ал жынды жіберетін Еркілік.

Құдай-Ана Ұмай баланы тек қорғап қана қоймайды. Бағып-қағады, бетін жуады, кірпігін тазалайды. Ойнатады, өзі тәрбиелейді, ол тіпті баламен өзінше тілдеседі. Олар бірін бірі жақсы түсінеді. Ұмай баланың аяғы шығып өзі жүргенше, жүгіргенше, тілі толық шыққанша (5 – 6 жасқа дейін) қасында болады. Содан кейін ғана Ұмай баламен қатынасын тоқтатады. Ал бала өз бетінше ержетеді».

– Апа, сонда Ұмай-Ана деген сенсің ғой! – деді әңгіменің осы жерінде бала Жүсіп жұлып алғандай.

– Түу, мазасыз бала, мен сені ұйықтап қалған шығар деп ойласам, сөйтіп жоқты-барды айтып жатырмын! – Анасы ренжіп қалғандай түр танытқан. – Қайдағы Ұмай-Ана, мен жай әйелмін. Сенің анаңмын!

– Әрі қарай айтшы! – деп қиылған Жүсіп.

– Жақсы. Сонымен, тыңдайсың ғой… Жоқ, одан да ұйықта, бүгін сендер бір тынбай, жүгіріп ойнадыңдар, шаршаған шығарсың.

– Айтшы, апа, өтінемін!

– *Айтатын не бар, ертек қой бәрі. Менің әжем Зайда өте ақылды кісі еді, құдайларды, мына дүниенің болмысы жайын жақсы білетін. Менің айтып жатқандарым – кезінде сол кісіден естігендерім. Құт дегенің – адамның бақыты, тағдыры. Адамдар мен жан-жануар жер бетінде тіршілік етеді, ал өсімдік топырақтан нәр алады. Олар жүре алмайды. Бірақ олардың да тиесілі құты бар. Тіршілік нәрі олардың өсуіне көмектеседі. Өсімдіктердің ғұмыры шексіз әрі үзіліссіз, сондықтан да, олардың тамыры жерден ажырамайды, сөйтіп, өсімдік мәңгілік өз бетінше өсіп, жетіле алады. Әрине, өсімдік те бәрін сезеді. Қажеттілік болмайынша ағашты кесіп, шөпті отамаған жөн, олардың да жанына батады. Мұндай қасиет тек таста ғана жоқ.*

– Демек, тастың жаны жоқ па? Бірақ мен ағаштың тасқа шығып тұрғанын көрдім ғой…

– Сен әлі ұйықтамадың ба? Ұйықта, тастың өмірі жайлы әңгімені келесі жолы айтам…

Жүсіп ана жылы Шарипа қыз сыйға берген түрлі-түсті ұсақ тастарға қарады… Тастар да тірі… Әне, ана тастар Шарипаның алақан табын әлі сақтап тұр…

* * *

Байтақ түрік жұртында осы екі ұлы діннің: түріктің ескі нанымы – Көк Тәңірі мен мұсылман діні – Аллаһқа иман келтіріп, оның жердегі елшісі Мұхаммедке сенім арасында нендей байланыс бар деген ой ешкімнің басына келмеген шығар шамасы. Бұл екеуінің де тұрағы – Көк Аспан.

Осының өзі Жаратушы жалғыз деген ойға еріксіз жетелейді. Көкте жаратушы жалғыз бола тұра, әр халықтікі әр түрлі... Ал үндістер, тіпті, бірнеше басты Құдай бар, бәрінің тұрағы Көк Аспан деп сенеді. Осындай кереғар пікірлерді Жүсіп әр тарапты, өзі икемді, мағынасы кең түрік тілінің арқасында жол тауып жазып жатқан кітабына енгізді. Ол мәтін мазмұнына байланысты ұшырасатын жерлерге Аллаһ пен оның елшісі Мұхаммедті ауызға ала отырып, реті келген үйреншікті жерлерде Тәңірді де қосты. Мәселен, былай жазған: Тәңірі – бар болмысты, тұтас ғаламды, жұлдыздар мен дүниені жаратушы. Сөз орайына қарай парсыша Құдай атауын да қолданды... Сөйтіп, бір жасаған Иені үш түрлі атап көрсету орын алды. Мысалы, шамамен мынадай жолдар бар: «Тәңірі сені жарылқасын! Аллаһ саған бақыт пен береке берсін! Құдай сені бәле-жаладан сақтасын!» Жүсіпті бір таң қалдырғаны – кітабын оқыған кісілердің ешбірі үш түрлі діндегі үш түрлі атауға қарсы бір ауыз сөз айтып, қарсы шықпауы. Расында, бұл Жүсіпке тосын жаңалық болды.

«Бұл пұтқа табынудың[1], дін бұзарлықтың белгісі емес пе?» деп ойлады Жүсіп іштей күдіктеніп. Артынша күмәнді ойды басынан қуып салған. Жасы жер ортасына жеткен сарай кеңесшісі, жылдан жылға мұсылман әдет-ғұрыптарын бұлжытпай орындайтын күйге жетті. Енді қазір қайдағы бір ойдың жетегіне ермек пе? Күмәнді ойға берілме, Жаратқанға жалбарын. Қалай табынасың, өзің біл, тек әділ бол, күнә жасама, басқаға зиянынды тигізбеуің керек.

---

[1]*Пұтқа табыну – құлшылық ететін, табынатын жасанды мүсінге табыну.*



ЖЕТІНШІ ТАРАУ

«Бақыт жайлы кітаптың» алғашқы жолдары

Жазу өнері, жыр яки қара сөз құрап жазу – жер бетіндегі бар адамға бірдей берілмеген қабілет. Тек тынымсыз еңбек, білімнің тың алабына сүре салудан қашпаған, ерекше дарын иелері ғана шынайы шығармашылықпен шұғылданбақ. Жүсіп жаңа шығарма жайлы ой-толғаммен қанша таңды атырып, қанша күнді батырды. Өйткені, оған ерекше маңыз берген. Бір күні түн ортасында көптен күткен жыр жолдары өзінен-өзі төгіле кетті:

Аллаһ атымен айттым сөздің әлібін[1]...

Жүсіп санасына құйыла кеткен жыр жолдарын ұмытып қалардай жылдамдата қағаз бетіне түсіре бастады.

Жарылқаған, жаратқан бір Тәңірім!
Адамды Хақ жаратты да ескерді:
Оған ақыл, білім, өнер, ес берді.
Көңіл берді, әрі тілін тербетті,
Ұят берді, берді құлық, келбетті.
Білік берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді – талай түйін шешілді.
Кімге Құдай берсе білім, ақылды,
Қолы жетіп, алар ол мол асылды!
Ақылды ұғар, білімділер біледі,
Түгел болар білімді, есті тілегі!
Білік мәнін біл, не дейді білген ер:
Білім білсең, бәле жүрмес іргеден.

[1]*Әліп – араб әліпбиінің бірінші әрпі.*

Білімсіздер бар кеселді көреді,
Емдемесе, тектен текке өледі.
Кел, ей, надан! Дертке дауа жасағын:
Надан білім алса, құты тасады.
Ақыл – бұйда, ере түссең – жетелер.
Сөйтіп, арыз-тілегіне жетер ер!
Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,
Білім білсе, әзиз тірлік өткерер!
Ақыл күллі ісінді алып шығатын,
Бұл біліммен көрер бектер мұратын!

Қағаз бетіне жыр жолдары төгіле берді. Тіпті қағаз сияға сусағандай, күтпеген жерден Жүсіпті керней кеткен шабытты көптен күткендей. Ал Жүсіп болса, қаншама күнін жалғыздықпен, бос қағазды шимайлап, басы жоқ, аяғы жоқ, бір-бірімен байланыссыз тіркестермен күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей өткізген! Кітаптың құрылымы солай айқындала бастаған еді. Жүсіп оны төрт тарауға бөліп жазуды ойлады. Әр тарауы тек әміршіні ғана емес, игі өмірге үйренуші баршаны – қағанды да, оның қол астындағы, қарамағындағы жұртты да бақытқа кенелтетін ізгі білімге арналмақ.

Бірақ кітаптың төрт тарауы да бірінің-бірі жалғасы болып, бірін-бірі толықтырып тұруы қажет. Бірінші тарауда ел басшысының үлгі боларлық әділ, шыншыл адам болу қажеттігі сөз етіледі. Әділдіктің үлгісі ретінде Жүсіп кітабына Күнтуды патшаны енгізуді қолға алды.

Екінші тарауында ел басшысы мен оның төңірегіндегілер қолдарынан келгенше елде әділдік орнап, халық бақыт пен берекеге кенелуі үшін күш салуға тиіс екенін баяндауды жоспарлады. Бақытты өмірдің үлгісі ретінде Айтолды уәзірді мысал етуді көздеді.

Кез келген қоғамда әділдік пен бақыттың ажырамас бір бөлігі ақыл мен білім екені айтпаса да түсінікті. Жүсіп үшінші тарауда біліктілік пен алғыр ақылдың үлгісі ретінде уәзірдің ұлы Өгдүрмішті алып, сол жайлы баян етуді ойлады.

Төртінші, соңғы тарауда адамға қай кезде де қанағат керектігін, адам өзін-өзі тыя білуге тиіс екендігін сөз етпек. Мұндай

ұстамдылықтың үлгісіне Айтолды уәзірдің туысы дәруіш Одғұрмышты алуды жөн көрді.

Жүсіп әр тарауда осы төрт бас кейіпкердің өмірімен қоса, олардың не нәрсеге қам жеуі мүмкін болуын жазуды жоспарлады.

Қағанның мемлекетке мықты да дана билік керегін білуі абзал. Бектер мен ақсүйектерге, шенеуніктерге жөн сілтеп, қызметін қалтқысыз реттеп отыру үшін асқан табандылықты талап етеді. Халықты, оның жағдайын, салауаттылығын ойлайтын қайырымды әрі парасатты билік керек. Мызғымас, күшті билікке қатысты төрт негіздеме осы ойдан туындаған.

Біріншіден, мемлекетте әділ заң орнығып, күшінде болуға тиіс. Бұған малшы да, басшы да жаппай бағынуға міндетті. Заң ешкімді алаламайды. Басқаша айтқанда, парасаттылық үрдісі алғы орында берік тұрады.

Екіншіден, мемлекеттің басты міндеті халықтың жағдайын ойлау. Яғни, қайырым, адам баласына сүйіспеншілік, адамгершілік пікірін алға тартты.

Үшіншіден, мемлекеттік деңгейде шешілетін барлық шара санаға – білім мен білікке негізделсе нұр үстіне нұр.

Төртіншіден, мемлекет азаматтары өз ниет-тілектеріне қанағат тұтуды ұмытпауға, сөйтіп, шектен шықпауға тиіс. Ашкөздік, сараңдық, жемқорлық – қоғамның бітіспес дұшпаны.

Кітаптың төрт кейіпкері де осы бірін-бірі толықтырып тұратын төрт қағидаға сай ойластырылды.

Күнтуды (күннен туған) – әмір, адал да күшті биліктің үлгісі.

Айтолды (толық ай) – қайырымдылықтың, адамгершіліктің, сүйіспеншіліктің белгісі.

Уәзірдің ұлы Өгдүлміш (мадаққа лайық) – біліктіліктің, ақыл мен зейіннің үлгісі. Уәзірдің ұлы бүкіл түрік жастарына ауадай қажет сананың, білім мен біліктің белгісі болды.

Дүниеден баз кешкен дәруіш Одғұрмыш (оятушы) сабырдың, иман мен ізгіліктің сипатына айналады.

Жүсіп бұл басты төрт кейіпкерді өзара сұхбат құру, тартысу, көптеген маңызды мәселелерді талқылау үстінде суреттеуді жоспарлады.

Халық ел басшысы – қағанға сырт көз қалай қарайды және ол шын мәнінде қандай болуға тиіс? Міне, осы мәселеге Жүсіп мемлекет басшысының бойынан нендей қасиеттер табылуы тиіс деген тұтас бір тарауды арнады. Келесі тарауларында елбасы кеңесшілердің, қолбасылардың, әскербасылардың, сондай-ақ, хатшы, елші, қазынашы, аспаз, шарапшы, ғалым, көшірмеші, оташы, түс жорушы, жұлдызшы, саудагер, малшы, қолөнерші дегендердің жақсысы қандай болатыны сөз етіледі.

Егер елбасы қайырымды, сабырлы болса жақсы. Әмірші көп сөйлемейді. Оның аузынан шыққан сөз қарып түсер шоқтай өткір болуы керек. Ол бектерге өз міндетін атқаруына кедергі келтірмеуге тиісті. Ұсақ-түйекке араласпай, шенеуніктерін өз бақылауында ұстағаны жөн.

Ал бектер, міне, мынадай болса құба-құп:

«Зұлым күшпен бек ұзаққа бармайды:
Күш-зорлыққа халық шыдап қалмайды...»

Араб ақындары мұндай өлең жолдарын бәйіт деп атаған. Жүсіп өзі жазған осы бәйітке (екі жол өлеңге) риза болды.

Жүсіптің кітабында мұндай бәйіттердің он алты мыңдайы кездеседі.

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Қаған Күнтуды мен уәзір Айтолды арасындағы тартыс

Бұғра қаған мен Жүсіп Хас Хажиб парсының қалы кілемінің үстінде бір-біріне қарсы қарап, малдас құрған қалыптары барлық көшпенділердің ескі әдетінше ұзақ сұхбаттасудан жалықпайтын.

Жүсіп өзінің кітабында осы сұхбаттасуды Күнтуды қаған мен Айтолды уәзір арасындағы әңгіме түрінде берді... Оның бірі – турашылдықтың, ал екіншісі – молшылықтың белгісі. Олар бір-бірінен сыр бүкпей, ашық сөйлескен. Араларында жасыратындай да ештеңе жоқ. Жүсіп өзінің бас кеңесші – қатардағы қара халық екенін есінен әсте шығармаған. Сондықтан, ол әңгімені бастамай, қаганның сөзін күткен. Бүгін қаған әлі үнсіз, сабыр сақтап күте ме, жоқ, шыдамсыздық таныта ма деп кеңесшісін тексергісі келгендей. Қағанмен әңгімелесуден жалыққан болуы мүмкін ғой. Бірақ Жүсіп те су ұрттап алғандай тіс жарар емес. Бұл үнсіздікті өз бетінше бұзар түрі де көрінбейді.

Ақыры, қаған шыдамады, білем, сұрағына көшті. Даусына қарағанда уәзіріне риза емес секілді.

– Мына кітабында жазған Іле деген кім өзі?

– Ертеректе, біздің жерімізде сондай бір кісі болған. Жұрт оны Іле атаған. Өзі сопы, өзі бек, халық арасында турашылдығы және әділдігімен мәлім болған екен. Ол айтқан мынадай сөз бар: «Маңызды іспен шұғылданушы адам бек атануы керек. Ал егер де сол бек парасатты болса, жұрт оның ісіне алғыс білдіреді, ешкім алдын кесіп кедергі келтірмейді. Адам даңққа, құрметке тек өзінің ісі арқылы ғана қол жеткізеді».

Шыншыл, сара басшы керек халыққа,
Халық үшін түсіп шығар тамұққа.
Халыққа жақ, көңілі тоқ, көзі тоқ,
Ойы терең, тілі майда, сөзі шоқ...

Іле өте ертеде өмір сүрген. Бізден алыс емес жерде Іле деген жайлау бар. Жетісудағы үлкен бір өзен де Іле деп аталады.

– Імм, демек, ол кісінің артында нағыз ұлы рух қалған екен ғой, – деді қаған ойлана. – Ал мына өзің жазып жүрген Айтолды уәзірдің арманы, тілегі орындалуы мүмкін бе?

– Ұлы қаған, біреуге тым жақсы болған нәрсе екінші біреуге жақпауы мүмкін. Мәселен, құлға жаққан нәрсе қожайынына түрпідей тимесіне кім кепіл? Сондай-ақ, Күнтуды қағанға ненің жақсы болуы мүмкін? Тек ең таңдаулы нәрсе ғана!..

– Жақсылық пен қайырымдылықты ажырату қиын бола қоймас. Не десең де, жаманның аты – жаман. Ең алдымен, жаман атаққа іліккен, басқалармен қатынасы нашар адамдардан бойды аулақ салған жөн. Ондайлардан қашық бол... Менің, мәселен, қытымыр, сараң адамдарды суқаным сүймейді.

– Сонда жаман адамды қалай сипаттап берер едіңіз?

– Ол – жанары суық, өсек жиып, басқалар жайлы қауесет таратып жүретін адам. Жаман адам ұятты, қанағатты білмейді, сараң, екіжүзді келеді. Өз досын да сатып кетуден тартынбайды. Өзіндік ой-пікірден жұрдай болады. Міне, мен осындай адамдарды маңыма жолатпауға тырысамын.

– Ал егер өз туысқаның жаман адам болып шықса ше? Онда не істеу керек? Туысымыздан бас тартамыз ба?

– Туыстың бәрі бірдей жаман болуы мүмкін емес... Бар бәле – дүниедегі ең іші тар, көре алмайтын адам көбіне туысқаның болып келуінде. Олар туысқандығын сенің өзіңе қарсы қару қылып пайдалануы да мүмкін. Ондайда бұл туысқаның бітіспес дұшпаныңа айналады. Нағыз қырсық осында. Дұрысы, ондай туысқаннан аулақ болып, оны өзіңе жуытпауың керек. Мұндай бүгін дос, ертең қас туысқан жайлы:

«Ағайының жақын болса көре алмайды,

Қысылғанда барынан бере алмайды...» деген көнелікті сөз де бар ғой.

Осылай, Бұғра қаған мен Жүсіп екеуден екеу отырып, қыстың ұзақ кешін сұхбатпен өткізетін. Кейде Жүсіптің кеше түнде жазған жырын талқыласа, кейде дерегі жоқ ұзын сонар мәселелерді де сөз ететін. Қай кезде де Жүсіп әміршінің ақылмен, сабырмен іс қылатын ұстамдылығына, дұшпанға қатты, досқа кеңдігіне тәнті болатын. Ол Жүсіптің кітабындағы әділдік белгісі Күнтуды қаған келбетіне нағыз сай адам еді.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Жеті ғаламшар мен он екі бұржы[1] белгілері туралы

Жүсіп дүниені, ғаламды жаратқан бір тылсым күштің барына сенетін, бірақ, кейбіреулер сияқты тақуа[2] емес еді. Және ешқашан жоғарыдан сарыла үміт те күткен жоқ. Өмірдегі не нәрсеге болмасын, өз еңбегімен, төзім, күшімен қол жеткізді. Соның арқасында оған байлық та, даңқ та келді. Ол үшін мына дөңгеленген дүниенің – табиғаттың, адам болмысының, аспан мен ғарыштың мінсіз жаратылыс қалпы үлкен жұмбақ-тын. Сондай-ақ, селт етпей тұрғандай көрінетін аспандағы сан мыңдаған жұлдыздардың қозғалысы, адам қиялынан туған он екі жылдық бұржы (шоқжұлдыздар) айналымы, он екі ай дегендер де сырын бүгіп жатқандай еді. Бір ғасыр жүз жылдан құралады, он саны не нәрсенің де осынша бөлігін білдіреді…

Кешірімді Ием, жаратқан һәм өсірген,
Сөз бастадым мен, Аллаһ атымен.
Күллі әлемді қалауынша жаратты,
Күн мен айды жағып, нұрын таратты.
Жаратты, көр, шыр айналған ғарышты,
Онымен бір ғалам тынбай жарысты.
Жасыл көкке шоқ жұлдыздар қадапты,
Қара түнді, жарық күнді жаратты.

Қасиетті Құран кітаптан Жүсіп Жаратушы Иенің билігінде жүз мың ғалам барын, адам баласының маңдайына соның тек біреуін ғана көріп, сол жерде еңбек етіп, әулетін жалғастырып,

---

[1]*Бұржы – зодиак.*
[2]*Тақуа – діндар, діншіл.*

мәңгілік өмір ағысын үзбеу жазылғанын оқыған. Өзге ғаламды көру тек соның бәрін жаратқан адам санасы жетпес құдіретті Ұлы Жасаған Иеге ғана лайық.

Зер сияқты көкте олардың қайбірі,
Бірі – жолбасшы, шолғыншыдай ал бірі.
Халайыққа жарық берер жарасып,
Жол көрсетер кейі, кетсең адасып.

Жүсіп қос қабат үйінің шатырына шығып, түнгі аспанды талай рет тамашалаған. Он екі шоқжұлдыздың бір-бірімен қай тұста алмасатынын анықтауға тырысқан. Ай мен басқа жұлдыздардың қозғалысын бақылаған.

Әлемнің үйлесімділігі мен тұтастығына көзі жеткен сайын Жүсіптің таңданбасқа шарасы қалмады. Түнгі аспанда бәрінен үстем – Ай, жыпырлаған жұлдыздар түнгі арудың жарығымен бағыттарын тауып, соған бағынатындай еді.

Қайсысы – бері, қайсыбірі – арырақ,
Бірі – жолбасшы, шолғыншыдай ал бірі.
Секәнтр[1] бәрін ең үстінен айналар,
Бір бұржыда екі жыл, сегіз ай қалар.
Сонсоң Оңай[2] болар екінші орында,
Он және екі ай уақыты бар оның да.

Қызыл ғаламшар – Марсты түріктер әспеттеп Арай деген, аспан жайлы грек кітаптарында Арес аталған. Ол соғыс, бүліншілік және апаттың ғаламшары саналған.

Үшіншісі Күрүд[3], көк мұз қасарған,
Жақындасса, құрыр жасап, жасарған.

Күн – түріктер бас ұрған Тәңірдің бейнесі – ол да аспан денесі. Айналасындағы тіршілік түгел соған бағынады. Көне дәуірде массагеттер Күннің қозғалысын аттың шабысына теңеген... Күн жылу таратып, қаһарлы қысты ығыстырып,

---

[1]*Секәнтр – Сатурн, Зұхал, қазақша – Қоңырқай жұлдыз.*
[2]*Оңай – (Юпитер, Муштарий). Қазіргі қазақ тілінде – Есекқырған.*
[3]*Күрүд (Көрүт) – (Марс, Миррих) Қызыл жұлдыз.*

дүниеге жан береді. Бірақ оның да қатерлі кезі бар, жолаушы шөлге ұрынып, далада қалса, күйдіріп, көнін кептіріп, өмірін қыюы мүмкін. Аспандағы күн – ұлы жарық. Оның ұлылығын тек қана Жаратушы ұлылығына теңеуге болады...

Төртінші Күн жарық шашқан ғаламға,
Жылу, жарық төгер жақындағанға.

Таң жұлдызын түріктер Шолпан деп атайды. Оның малшылардың, көшпенділердің жұлдызы деп аталатын кездері де бар. Таңшолпан ертеңгілік және кешке әрдайым күнмен қатар жүреді. Көшпенділер ұшы-қиырсыз шексіз далада жарқыраған Шолпанға қарап, өз бағыттарын анықтап, түзеп отыратын болған.

Бесіншісі Сәбит[1], нұрлы жүзін бұрғанда,
Сүйінерсің, тыншып қандай мұңнан да!
Одан кейін Арзу[2] тілек келеді,
Жақындасаң, бар тілегің береді.

Жүсіп ғаламның тұтастығын, ондағы барлық нәрсе бірбіріне байланысты екенін жұртқа ұғындырсам деген ерекше ықыласпен шабыттана жазуды бастап кетті.

Бұлардың алдын Иалчық[3] жүріп, шолады,
Күнмен қарсы келсе, жайнап толады.

Жүсіп аспанда Ай мен жалғыз Жұлдыздың тұрғанын өмірінде бір-ақ рет көрген еді. Сонау бала күнінде дәрістен соң ең жақын құрбысы Шара екеуі серуендеп жүргенде ғажап бір көрініске куә болғандары бар. Тұп-тұнық көк аспанда қияқтай боп жаңа туған Ай көрінген, жанындағы жымыңдаған жалғыз жұлдыз өзіне еріксіз көз тарқызады... Кешкі аспанда одан өзге жұлдыз жоқ-ты. Тек Ай мен Жұлдыз ғана қол ұстасқан ғашықтардай қатар тұрды.

---

[1]*Сәбит – (Венера, Зухра) Шолпан.*
[2]*Арзу – (Меркурий, Утаруд) Кіші Шолпан.*
[3]*Иалчық – Ай.*

Сол ұмытылмас көрініс бірінші Шара байқаған болатын. Ол бірден осындайда айтылатын әлдеқандай бір балалардың әнін тақпақтай төгілте жөнелген. Бірақ, әннің сөздері мүлде есінде сақталмапты. Ал қазір Жүсіп аспан әлемін шарлап жүрген ойынан кешігіп қалмайын дегендей асығыс жазу үстінде. Ол көшпенділердің ғарыштағы ізі іспетті шоқжұлдыздар белгісін жырына қосып, суреттеуге тырысты. Жұлдыздар белгісінің қайсысы да далалықтар үшін етене жақын: тоқты – қозы, торпақ – тана, ешкімүйіз – таутеке, сұрмерген – кентавр...

Бұдан басқа он екі Өкәк[1] көрінер,
Бірі жұп боп, бірі тақ боп бөлінер:
Жаз жұлдызы – Қозы[2], сонсоң Уд[3] келер,
Әрәндір[4] Құшық[5] жақын, жуық жіктілер.
Арыстан мен Бұғдай басы[6] қос болар,
Сонсоң Үлгі[7], Чадан[8], Иа[9] дос болар.
Келер сонсоң Оғлақ[10], Көнәк[11] һәм Балық.
Олар туса, болар көгің жап-жарық.
Үші – көктем, үші – күздің жұлдызы,
Үші – қыстың, үші – жаздың жұлдызы.
Үш от, үш су, үш жел түгел таралды,
Үш топырақ – ғалам солай жаралды.
Бір-біріне жаулар бұлар мың жылдан
Жауға-жауды салып, шығын тындырған.
Қатыспас жаулар іштей тынып жарасқан,
Көріспес жаулар өшін бүгіп тарасқан.
Жаратушы Хақ жарытты апарып,

---

[1]*Он екі Өкәк – он екі бұржы (Зодиак).*
[2]*Қозы – (Овен, Хамал). Қазір "Тоқты" делініп жүр.*
[3]*Уд – Үді (Телец, Сәуір). "Торпақ" деп жүрміз.*
[4]*Әрәндір (Ерентүз) – Егіздер (Зауза).*
[5]*Құшық – (Рак, Саратан). Қазіргі оқулықтарда "Шаян".*
[6]*Бұғдай басы – Бидай басы (Дева, Сүмбіле).*
[7]*Үлгі (Улгу) – Өлкі; Таразы (Весы, Мизан).*
[8]*Чадан – Шаян.*
[9]*Иа – Сұрмерген (Қауыс). "Мерген" деп жүрміз.*
[10]*Оғлақ – Ұғылақ. Ешкінің лағы, (Козерог, Жәді). "Ешкімүйіз" аталып жүр.*
[11]*Көнәк – Көнек (Водолей, Дәлу).*

Жаратты да, жарастырды қатарын.
Манадан мен көп ойларды көзедім,
Білім, ақыл – кереметтің өзегі.

Жүсіп кітаптың тағы бір тарауын бітіріп, иығынан бір ауыр жүк түскендей өзін көңілді, жеңіл сезінді. Енді оның отандастары аспан әлемі түгелдей жүйелі тәртіппен, үйлесіммен жаралғанын білетін болады. Бәрін Жаратушы басқарады, жұрт оны әр түрлі атай берсін, мейлі, бәрібір барлығы соның ырқында, барлық құдірет иесі – сол!

Жүсіп жазу үстелінің айналасында түнімен шашылып жатқан қағаздарды жинастырып, бір жерге қойды. Сонан соң терезе жаққа бұрылды. Жер бетіне жарық түсіп қалған екен, аспан төрі тым-тырыс, мүлгіп тұр. Ұзақ отырғаннан ұйып қалған аяғын жазып, орнынан көтерілді. Есік алдындағы жайқалған мәуелі баққа шықты. Бақтағы алма, алмұрт ағаштары шешек атқан, алманың ақ шаңқан, алмұрттың көгілдір, ақшыл көк гүлдері көздің жауын алады...

Ауланың алма, алмұрт ағаштары біткен төр жағы жасыл желекпен көмкеріле қоршалғандай. Бас кеңесшінің иелігіндегі жер сонымен шектеледі. Ал арғы жағы басқа аула, көрші үйге ұласып кетеді. Көктем көйлегін киіп құлпырған шағын бақтың жасыл ернеуіне иек артып күн де ақырын жарқырап көтерілді. Қайбір тұстан бұлбұлдың құлаққа жағымды үні естіледі. Бұлбұл үні құйқаны шымырлата құйқылжытып сайрайды, кеше ғана бөктергінің тырнағына ілінген сыңарын жоқтайтындай көрінді...

ОНЫНШЫ ТАРАУ

«Бақыт жайлы кітаптың» жарыққа шығуы

Бақыт жайлы кітапты жазуға Жүсіп өмірінің қаншама жылын сарп етті. Кей беттері, тараулары оңай жазылды, ондай кезде ақын жадырап, сәтін салып, шабыт берген Жаратқанға шүкіршілік ететін. Ал кітаптың кейбір беттері қиын соқты, мұндай ауыр күндер мен ұйқысыз түндерде ақын өмірінде шекпеген азапты көрді. Жалпы, ақын еңбегінің жеңіл болуы мүмкін бе? Ақын өмірі рахат деп ойлау бекершілік, тіпті жаңсақ пікір. Олай деуге жалпақ әлемде ешкімнің қақысы жоқ. Жыр, нақтылап айтқанда, жақсы жыр халықты баурап, ауыздан ауызға тарайды, оңай жатталады, тілге жатық, жеңіл айтылады. Содан ол оңай көрінуі мүмкін. Бірақ бұл жыр оп-оңай құралады деген сөз емес. Жыр әлдеқандай бір ақынсымақ шайханада жүзім шарабын ішіп отырып, ойланбастан жаза салатын дүние емес, әрине.

Жылдар өте Жүсіп еңбексіз оңай жазылған жыр мен қаламгер аянбай тер төккен жырдың арасындағы айырмашылықты ажырататын болды. Дәл осындай ақынның қиыннан қиыстырған жырлары қашан да жеңіл жазылғандай көрінетін әдеті. Мұның бар сыры да осында! Еткен еңбегің қанша зор болса, жемісі сонша тәтті болмақ! Жүсіп ештеңе қалдырмай, бәрін жыр жолдарында көрсету үшін аянбады.

Қол ұмсынып, білім іздеп терледім,
Сөзді сөзге өріп, тізіп зерледім!
Түркі сөзін ұркек тағы киіктей,
Қолға үйретіп, қамап, ерік бермедім!
Сылап-сипап бақтым, көңіл берді тез,
Әрі де ұркек, сақ һәм жаны шерлі еді...
Мәпеледім сөзім қолға қонғанша,

Жұпар сеуіп, қошеметтеп демдедім!
Тура айтып, теріс сөзге ермедім,
Түзу сөзді ұғар түзу ер дедім...
Оқушымның көңіліне келмесін
Деген оймен көрінгенді термедім!
Тура сөзден өңге сөзді сөз деме,
Ақ-қарасын парықтамай сенбегін!

«Бақыт жайлы кітап» жазыла бастағалы жиырма жылға жуықтады, енді, міне, Жүсіп оның ақырғы беттеріне де келді. Сонымен, кітап та тәмам болмақ.

Төрт жүз алпыс екінші жыл ішінде,
Бұл сөзімді тіздім бәйіт пішінде.
Он сегіз ай құрастырдым, талғадым,
Теріп түгел сөз сарасын таңдадым!
Тізіп болып, мәпеледім – бұрледі,
Жұпар шашып, шешек атып гүлдеді.
Таусылмайды айтқанға сөз, атқылап,
Сыңғырлайды тас бұлақтай шапқылап.
Уа, Жүсіп, керек сөзді таңдағын?
Керексізін тіл ұшына алмағын!
Көп сөйледің, сөзің су боп кетпесін,
Жұрт зерігіп, сөзден жапа шекпесін!
Фани жалған – опасыз сұм, арбалма,
Есің болса, алданба да малданба!
Бұл жалғанға сенбе, тастай ішті түй,
Хаққа сыйын, соған ашыл, соны сүй!
Мына жалған қанша елді қайғыртты,
Қанша жанды тура жолдан айнытты.
Енді саған таяды ма қылмыңдап,
Сенбе, ерме! Қалсын текке жылмыңдап!
Қанша бекті бұл күлкімен сендіріп,
Өлім құшып, кетті көзі телміріп!
Өтті күнім, кетті жапа шеккізіп,

Жігіттікті өкінішпен өткізіп.
Сан мың жаса, ақыры бір өлесің,
Жиған нәрсең қалар, өзің көнесің!
Сақта, Құдай, сыйынарым бір өзің,
Ғапыл қылма, сергек қылғай – тілегім!
Жазығым көп, ұятсыз бір құлыңмын,
Рақым келсе, сенен келер, ұғындым.
Көп күнәға баттым сенен көз жазып,
Бүгін келдім, жалбарынып мен ғаріп.
Неменеге сендің, мұңлық дәуренім?
Қайда келдім, түсінбестен әуремін!
Ей, жолыңды, пейіліңді түзегей,
Қос жаһанда төрден орын тілегей!
Бұл дуние сүйіншi өтпелі,
Ең дұрысы, ол дуниеге көшкенің!
Аузыңды жап, тиып тыныс, тіліңді,
Көзіңді жұм, тыңдама өлі-тіріңді!

Адам баласының машақат өмір мен жер ортасына келгенде Жасағанға бас ұруы жай бір әдет емес. Соңғы жылдары Жүсіп мына дүниені Жаратқанның ұлылығы сондай – оны жете түсіндім деу бекершілік және оған иланбау астамшылық деген ойға нық бекіген... Бірақ оның осы сенімі, нанымы өзінің ой-санасы жетпеген болмысты бар қалпында қабылдай алды ма?!

Кітап жазылып бітті. Енді оны жөндеп, толықтырып, ақ қағазға көшіріп шығу керек. Бұл да оңай шаруа емес, мыңдаған жыр жолдарын бастан-аяқ қайта жазып, қағазға үңілу – сөз жоқ ерен еңбек. Шығармашылықпен айналысушы қаламгер еңбегінің өлшеусіздігін тек осының өзінен-ақ пайымдауға болар.

Тағы алты ай уақыт өтті, кітаптың кей тұстарын өңдеп, қырлап, кем-кетігін толықтырып, қайта жазып шықты. Өзінше, ойы түгел түскендей. Кітап беттерін түптетіп, әдемілеп тыстатып, тапсырма берген ел басшысы Бұғра қағанға ұсынады...

Кітапты жазған Баласағұн шаһарының тұрғыны Жүсіп шайырдың да, оған тапсырыс берген ұлы қаған Бұғра ибн Харунның да бұл еңбек тұтас мың жылды артқа тастап, көптеген елде, жұртта танымал болады деп үш ұйықтаса түсіне кірмеген шығар.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

Жалғыздың әні

Жасы егде тартқан Жүсіп Хас Хажиб бірде үйінде өзінің көне қолжазбаларын ақтарыстырып отырып, кенет алыстан қыздың мұңды даусын естіді. Құдды мұны шақыратындай. Кешегі сарай кеңесшісі иығына көнетоз шапанын асығыс желбегей жамыла сала, сыртқа беттеген. Жасына сай байсалды адымдап, үйінің ауласына шықты. Көшеде тұрған зағип қарияға бірден назары ауды. Жанында жұпыны киінген бір жас қыз бар, шамасы, немересі болса керек. Екеуі шақырайған күннің астында жұрттан қайыр сұрап тұр.

Сарай қызметінен қол үзгеніне көп болған. Одан бері де қаншама жылдар өтті десеңші. Баяғы әміршісі Бұғра қаған дүниеден өтіп, оның тағын жастық желі әлі басыла қоймаған, әрі ақылы шолақ біреу иеленген. Бар ықыласы астың дәмдісіне, әйелдің сұлуына, думанның дырдуына ауысты. Ондай адамға Хас Хажиб секілді оқыған-тоқыған кеңесшінің тіпті де қажеті болмады... Ал қазір Жүсіп, міне, бағы, хауызы бар өз үйінде жасамыс шағын алаңсыз өткеріп жатқан-ды. Шапанның жан қалтасына қолын сұғып, ұсақ тиын-тебен тапты. Онысын қарияның созып тұрған қолына қыстырып кете бергені сол еді, қыздың даусы кілт тоқтатты. Жаңағы өзін еріксіз далаға алып шыққан дауыс.

Жат босаға, жат үйде
Қыз Мулән тіккен кестесін,
Жабырқау көңіл, жат ән де,
Қынжылар көріп бітпесін.
Кестесін қойды ысырып,
Даусына жігер қосылып,
Не келді қыздың ойына,
Сыр сақтар ма ол бойына?

Бұл әнді баяғыда тек бір-ақ адам айтатын еді. Оның даусы да мына қыздікіне ұқсайтын. Жетпістегі шайырды қалт тоқтатып,

көңілін алабұртып, көзден бұлбұл ұшқан балалық шағын есіне алдырған да осы дауыс... Иә, Мулән есімді мұңды қыз жайлы осынау көне әнді жанына жақын тұтқан Шара айтатын...

Қыз сөйледі ақырын:
Естідім қаған жарлығын,
Әскери жарлық кәдімгі,
Әкеме арнап айтылған.
Әкемде жоқ ұл.
Менде жоқ үлкен аға,
Өзім барып базарға,
Атты да сатып аламын.
Әке, аға орнына
Жорыққа өзім аттанам...

Бұл, сөз жоқ, тап сол көнеден жеткен ән, мұны «он оқ» – қаңлы тайпасының қыздары жорыққа аттанғанда айтатын.

Аргымақты алам шығыста,
Әбзелін салам батыста,
Теріскей сатар қамшыны,
Жүген мен айыл
Күнгейде тарту етілер.
«Қош!» айтысып ата менен анаға,
Ертеңгісін атқа қондым
Аттанбақ боп жорыққа.
Күн еңкейе Сарыөзенге жеткен соң,
Аял қылдым, дамылдап...
Естілмейді шаттық үндер,
Артта қалды ата-анамен
Бірге болған тәтті күндер.
Жанымда тек асау өзен
Буырқанып, күрілдер.
Таң атқасын қош білдіріп өзенге,
Қаратау барды арындап,
Ақ батасы атаның түйілген терең көңілге,
Ғұнның тарпаң аргымағы
Қарлығаш тау етегінде кісінейді.

Әнде бұдан әрі Мулән мен үзеңгілес сарбаздарының жаумен шайқасы айтылады. Қыздың жорығы бірнеше ай, одан жылға созылады. Қыз талай таудан асып, қамал алады, қала бұзады... Айтулы бір үлкен шайқаста бүкіл қолдың көсемі сардар мерт болады. Арада он жыл өткенде, ақыры, сарбаздар жорықтан елге оралады... Ерлік даңқы көпке тараған Муләнді қаған шақыртады. Мулән алтын тақта отырған қағанға келеді. Қаған батыр қызға былай дейді:

– Ержүрек сарбазым Мулән, сенің ерлік ісің құрметке лайық, қандай тілегің бар, айт?

Мулән былай деп жауап береді:

– Ұлы қаған, ата-анама жетейін, маған бір желмая беріңіз...

Ақ шудасы желкілдеп желмая мінген Мулән батыр жолдастарымен бірге өз үйіне барады... Қызының келе жатқанын естіген ағайын, туған-туыс, әкесі мен анасы, әпкелері мен інілері алдынан шығады. Той жасап, құрметіне ту бие сойылады...

Мулән үйге кіріп, өз төсегіне отырған соң, қаруын тастап, бадана көз кіреукесін шешеді. Бұрынғы киімдерін киіп шыққанда, он екі жыл қатар жүріп жаумен шайқасқан жорықтас жолдастары оның қыз екенін бір-ақ біледі...

Әннің соңғы жолдары былай еді:

Ата қоян көпті көрген тепсінеді тынбастан,
Қосағы да жалт бұрылып қосылады қалмастан,
Қатар жортып бара жатса аталық пен аналық,
Ажырату мүмкін емес танбастан.

ЗаҒип қария да, жас қыз да қала көшелерін асықпай жағалап, қайырымды жұрттан түскен нәпақасын[1] айыруға мана кетіп қалған. Ал қарт ақын Жүсіп Хас Хажиб қақпасының алдында, есіктің тұтқасынан ұстаған қалпы әлі тұр. Кенет қарт ақынның қалақтай денесі дір етті. Ғұндар заманында шыққан Мулән қыз жайлы ән басында әлі біткен жоқ... Мұны ең алғаш Шара қыздан естіген... Одан бері қанша жылдар өтті... Енді қазір жүрек түкпіріндегі мұңы ауырлап, үйіне қарай асықты. Үйінің табалдырығын аттағанда, «Бақыт жайлы кітап» құсап өзі де мәңгілікке қадам басқан-ды.

Жаны жәннатта болғай!

---

[1] *Нәпақа – табыс, ырзық.*

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

«Бақыт жайлы кітап» және сұлтанның әйелі – Шарипа

Сұлтан бәйбішесі Шарипа – баяғы Шара қыз қолындағы «Құтты білік» аталған кітапты «Қайырымды да, мейірімді Алланың атымен» деп оқи бастады. Оны өзі сұратып сарай хатшыларына көшірткен.

Кітаптың кіріспесінде күзордалық Жүсіптің «Бақыт жайлы кітабын» жыр сүйер қауым мен оқымыстылар жылы қабылдағаны сөз болған.

«Әзиз, уә, күллі ұлылықтың Иесі, жер мен көкті жаратқан, тірі жанның бәріне ризық берген құдіреті күшті Тәңірге ризамыз. Әрі ол атақ-даңққа бөлене берсін! Ол кім не тілесе тілеуін берді, өзі нені қаласа, соны жасады; кімге жапа көрсетсе, көрсетті; уа, неге ықтияр болса, неге құлқы соқса, соны жасады.

Адамдардың ең абзалы пайғамбарлардың қасиетті ұлы елшісі Мұхаммед Мұстафаға сансыз сәлем, мархабат болсын! Оның серіктестері болған әзіз[1], уа қымбатты сахабаларына[2] Аллаh разы болсын! Тәңірінің ризық[3], нұры жаусын!»

«Бұл бір әзіз кітап. Шын (Чин[4]) хәкімдерінің[5] мысал-хикметтерімен безендірілген. Машын (Мачин[6]) ғұламаларының, ақындарының өлең-жырларымен жасандырылған бұл кітапты оқыған, бәйіттерді басқаларға таратқан адамдар осы кітаптан да жақсы, ізгірек болар».

«Шын-Машын ғалымдары мен хәкімдерінің бәрі бір ауыздан мынадай келісімге келді, Мәшрық[7] уәлаятында[8] күллі Түркістан елдерінде бұғрахан тілінде түркі сөзімен бұл кітап-

---

[1]*Әзіз (әзиз) – аяулы, қадірлі, қымбатты.*
[2]*Сахаба – ислам дінін таратқан Мұхамед пайғамбардың серіктері.*
[3]*Ризық – бұйырған нәсіп, ырыс.*
[4]*Шын – Солтүстік Қытай.*
[5]*Хәкім – бұл жерде білікті, озық ойлы, «зиялы» деген мағынада.*
[6]*Машын – Оңтүстік Қытай.*
[7]*Мәшрық – Шығыс.*
[8]*Уәлаят – аймақ, өлке, өңір.*

тан жақсырақ кітапты ешкім ешқашан жазған емес; кітапты ықылым[1] замандарда, қай патшалыққа жетсе де өмірді терең парықтап, пайымдағаны, керемет көркемдігі үшін сол елдердің хәкімдері мен ғалымдары ықыласпен қабыл алып, әрқайсысы әр түрлі лақап ат берген».

«Шынлықтар «Шахтардың әдеп-қағидалары» деп атады. Машын мәлікінің[2] хәкімдері «Мемлекеттің дәстүрі» десе, мәшрықлықтар «Өмір зейнеті» деді; ирандықтар «Шахнама-и түрки» деп атады; ал бағзы біреулер «Падишаларға насихат» десті; тұрандықтар, яғни түріктер «Құтадғу білік» деп ат қойды».

«Бұл кітапты Баласағұнда туған бір ардагер, тақуа кісі жазып шығарған. Әммә бұл кітапты Қашқарда тәмамдап, Машрық мәлігі Табғаш Бұғра ханның құзырына ұсынған. Мәлік оның еңбегін қадірлеп, жарылқап әрі ұлықтап Хас Хажиб деген атақ беріп ерекше ілтифат білдірген, сол үшін Жүсіп Ұлы Хас Хажиб атанып атақ-даңқы жер жүзіне жайылды».

«Демек, менің көңілімнің патшасы Жүсіп қазір қарахандар елінде кеңесші екен ғой, – деп ойлады Шарипа. – Онсыз да тегі – бектердің бегі еді. Бұғра қаған сарайында бұдан жоғары лауазым бар емес пе?... Қазір жасы нешеде?..»

Өзі, міне, елуге келіп тұр. Махмет сұлтанға төрт бала – екі ұл, екі қыз тауып берді. Денесі аздап толысқанмен, қатарқұрбыларының айтуынша, жас күнгісіндей әлі де үлбіреген, ақкөңіл, аңқау қалпы...

«Бұл әзіз кітап төрт ұлы ұғым, төрт қымбат қасиеттің сұхбатынан құрылған: бірі – Әділет, екіншісі – Дәулет (Бақыт), үшіншісі – Ақыл, төртіншісі – Қанағат. Олардың әрқайсысына жеке-жеке түрікше ат берген. Әділге – Күнтуды Елік атын беріп, хан орнына қойған; Дәулетке – Айтолды деген ат беріп, уәзір орнына қойған; Ақылға – Өгдүлміш атын беріп, уәзірдің ұлына балаған; Қанағатқа – Одғұрмыш деп ат беріп, уәзірдің туыс ағасы деп санаған. Ғұлама өз пікірлерін ой-толғаныстарын солардың арасындағы пікірлесу, сауал-жауап сөздер арқылы әңгімелеп, желілеп жеткізген.

Тағы да еңбегі адал көшірмеші мұны оқығандардың көкірек сарайы ашылып, жазған адамды жақсы дұғамен еске алсын деп кітапқа кіріспені «иншаллаһу Тағала!» деген сөздермен тәмамдапты.

---

[1]*Ықылым заман – есте жоқ ескі заман, көне дәуір.*
[2]*Мәлік – әкім, хан, патша.*

Жырқұмар Шарипа ханым бірден бәйіттерді оқуға бас қойды. Жанына жақын түрік тілі арқылы бойына шымырлап дала гүлінің жұпары сіңгендей…

Құдіретті бір Хақ барша алапқа,
Соған лайық мәртебе де, мадақ та!
Пәк, зұлжалал[1], ұлылықтың иесі,
Жаратушы, кемел қадір-киесі.
Жер жадырап, жер-көк, жұрттың иесі,
Дайындап берген ризығыңды тиесі.
Ол баршаға ризық беріп, жақтайды,
Тойындырып бәрін, өзі татпайды.
Тірі жанды ешқашан аш қалдырмас,
Жеп-ішкізер өзегін еш талдырмас.
Не қаласа – құдіреті жетеді,
Кім-кімді де тілесе, ұлы етеді.
Ықыласым пайғамбарға таңдаулы,
Достарына ықтиярым арнаулы.
Мұхаммед елші барша жұрттың басы ол,
Тірі жанның көзі менен қасы ол.

Екі көзінен мөлтілдеп аққан жас сырғып қағаз бетіне тамды, бірақ тоқтамай оқи берді. Бәйіттерге арбалғандай, құдды Әбілқасым Фирдоусидің атақты дәуірлер дастаны «Шахнаме» жолдарын тапқандай, оқи берді…

Жүсіптің кітабынан аңызға айналған кейіпкерлер – Ануширванның, Феридунның, Рүстемнің, Тұран патшасы Афрасиабтың есімдерін де кездестірді. Мұның әкесі де, өзі де осы патшаның тегінен тарайды. Кітапты оқи келе, Жүсіптің түпкі ойын түсінгендей. Төрт бас кейіпкер сұқбаттасып, бір-бірімен тартысып, белгілі әмірлер мен қарапайым адамдардың өмірінен тәлімдік мәні бар оқиғалар айтысады. Сөйтіп, дастанның соңында (Жүсіптің кітабы – күмән жоқ, бақыт пен өмір жайлы ұлы дастан)

[1]*Зұлжалал – 1) бір өзіңе аманат; құрметті; 2) Алланың бір сипаты.*

Бақыт пен Тақуалықтың сипаты – Айтолды мен Одғұрмыш дүние салады... Ал Әділет пен Ақыл белгісі – Күнтуды мен Өгдүлміш болса, тірі қалады.

«Бақыт дегенің Махаббат қой, басқа емес, – бүгінгі сұлтан бәйбішесі, кешегі Шара қыз осылай ойға қалды. – Демек, Жүсіптің де махаббатсыз бақыт болады деген сенімі жоғалғаны ғой... Махаббатсыз дүние бос, махаббат – өмірдің мәні. Ал махаббатсыз Әділет пен Ақыл кімге керек? Ешкімге де!»

Төрт баласы да, яғни Махмет сұлтанның мұрагерлері нағыз селжұқ екенін көрсеткісі келгендей, Түркістанға жорыққа шығып, басып алуды ғана ойлайды. Анасы бола тұра, қарсы келер шарасы жоқ. Ел билігі мұның емес, күйеуі сұлтанның, соның шонжарларының, уәзірлері мен кеңесшілерінің, қолбасыларының ықтиярында. Ұлдары да солармен бірге, солардың арасында ер жетті...

Түрік қағанының сарайында қызметтегі ақын Жүсіпке деген тұнық сезімін табаны күректей отыз жыл ешкімге сездірген емес. Шынында, Махмет сұлтанды емес, Жүсіпті сүйгенін өзінен басқа тірі жан білмес... Дегенмен, балалар өз жанынан да қымбат. Әсіресе, кішісі Мұрат – бар үміті, өмірдегі арқа сүйері. Кейінірек ол түрік пашасы болды.

Күзордалық Жүсіп ақынның кітабын ол бірнеше күн бас алмай оқыды, көз жасы да тыйылмады. Сосын ақырын есін жиды. Көзінің жасын сүртіп, қызметшілерін шақыртып, қайтадан дағдылы міндет, шаруасына араласты. Түрік әйелінің, сұлтан бәйбішесінің маңдайына жазылғаны осы ғана, оның қолында, билігінде басқа ештеңе жоқ.

Эпилог орнына

Баласағұндық Жүсіп ақынның артында қалған мұрасын кейінгі білгір оқымыстылар «бірнеше әдеби дәстүрді біте қайнастырған шығармашылық алауы» деп атады. Ең бастысы, өз заманындағы түріктің ауызша әдеби мұрасы қандай бай екенін көрсете білді.

Мұнымен қатар, бағалы эпикалық туындыны дүниеге әкеліп, түрік тілінде әлемдік ортағасыр әдебиетінің таңдаулы шығармаларымен иық теңестірер дәрежедегі поэзия үлгісін қалдырды.

Бұл дүние қып-қысқа көрген түстей,
Қадірін білген дұрыс көрге түспей.
Өмір де бір қазына, алған қарыз,
Қайырым етті қайтара салған парыз.
Түптің-түбі бұл тағдыр теңестірер,
Ажал келсе: ұлық, құл демес, білем.
Жақсылық қыл, суымай бойда қанын,
Бір өлім бар, жөн болар ойлағаның.
Қалар өлсең меншігің – есімің де,
Қатты серіпкен кең дүние есігінде.
Құрметтер ел, жан болсаң затың жақсы,
Талай ғасыр жаңғырар Атың жақсы.
Қарғысын естір талай ғұмырлардың,
Есімі қаны қара зұлымдардың.
Не күтіп жүр: даңқы ма, мазағы ма?
Өз ырқыңда. Тек сынба азабына.

Қалар нысны, сіңерміз қара жерге,

Мақтап?... Даттап?... «Тірілтер» қалың ел де...

Бұл жалғаннан озып, жерге кіргенде,

Мені еске алып, оқы, тірі жүргендер!

Көп жұрт мына дүниенің айнымас ақиқатын ұмытып, ақша, байлық, қазына үшін ар мен ожданға қарсы шыққан заманда Жүсіп Баласағұн жырларының мәні арта бермек. Өмірде сәтін салып байлық пен бақытты адамға қатар ұсынар кез қалай да болады, тек сол сәтті күте біліп, қажетіңе дұрыс пайдалансаң, жарады... Алайда тыраштанып байлық жиюды өмірдің мақсаты ету, ақымақтық қана емес, жан азабына да айналмақ.

Төрт жүз алпыс екінші жыл еді бұл,

Мен түйгенде үлгілеп сөз өрімін.

Ақылымды түгел сөзге түсірдім,

Оқып, өзің үлгі аларсың, түсінгін!

Қандай болмақ мінез, жолың, айналаң,

Айтып бердім, аз да болса пайдалан.

Бұл дүние жолы әрі дін жолы,

Жөн-жобадан жаңылмағын біл де оны!

Тілегім де, үмітім де осы еді,

Оқып, маған дұға қылса – жетеді.

Одан бері мың жылға жуық уақыт өтті, ал баласағұндық ақын Жүсіптің асыл сөздері әлі арамызда. Қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, әзербайжан, басқа да түрік әдебиетінің ортақ мұрасы ретінде жасай бермек.

Құрметті оқырмандар!

«Шығыстың ұлылары» атты топтама күні бүгінге дейін балалар көркем әдебиетінде нақтылы айтылмаған ұлы адамдардың өмірімен таныстырады. Топтама ірі тарихи оқиғаларды, маңызды қозғалыстарды, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды және ұлы тұлғалардың, қағандардың, батырлар мен ғалымдардың, ойшыл-ақындардың өмір жолын қамтиды. Сонымен қатар, әдеби шығармалар балалардың туған жеріне, халқына, тарихына ыстық сүйіспеншілік сезімдерін оятып, ұлы ата-бабаларының асыл мұраларын құрметтеп, Отанына деген мақтаныштарын арттырады.

Баспа жобасының жетекшісі
Раимбеков Қазбек

Кеңесшісі
Тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркіт Аяған

Аударған
Ә. Рысбаев

Суретшісі
Ә. Кәдірханова

Бас редакторы
Қ. Байғабылова

Көркемдеуші редакторы
Е. Козлова

Редакторы
А. Жақыпова

Корректоры
Н. Сламбекова

«Аруна» баспасының дизайн орталығы
А. Романова

Қазақстан, 050000, Алматы, Чайковский көшесі, 190/184, 23-кеңсе
Тел./факс: (727) 2 72 84 11, 2 72 84 21. E-mail: aruna_ltd@mail.ru

Көтерме бағамен сатып алу үшін «Аруна» баспасының сауда бөліміне хабарласу қажет. Тел./факс: (727) 2 72 84 11, 2 72 84 21
E-mail: aruna_ltd@mail.ru

Пішімі 60x90 1/8. Офсетті қағаз.
Шартты баспа табағы 11,5. Есепті баспа табағы 17
Таралымы 10 000 дана

«IntellService» баспаханасында басылған